Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА (7-9 СЫНЫПТАРДА) «ГЕОГРАФИЯ» ОҚУ ПӘНІН ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР ӘЗІРЛЕУ

Әдістемелік құрал

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ИЗУЧЕНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА «ГЕОГРАФИЯ» (7-9КЛАССЫ) В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Методическое пособие

Астана
2017

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 20 ақпан № 2 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 2 от 20.02.2017 года)

Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптарда) «География» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу. Әдістемелік құрал. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 122б.

Методические рекомендации по изучению учебного предмета «География» (7-9классы) в рамках обновления содержания образования. Методическое пособие. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 121с.

Осы әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беру мазмұнын жаңарту аясында «География» пәні бойынша оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Құралда 7-9-сыныптарға арналған «География» пәні оқу бағдарламаларының ерекшеліктері, оқытуды ұйымдастырудың түрлері мен әдістері көрсетілген. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында сабақты жоспарлау және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалар берілген.

Осы әдістемілік құрал жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге әдістемелік көмек көрсету мақсатымен ұсынылып отыр.

Данные методические рекомендации разработаны на основе учебной программы по предмету «География» в рамках обновления содержания образования. В пособии показаны особенности учебной программы предмета «География» для 7-9 классов, формы и методы организации обучения. Даны методические рекомендации по планированию и проведению учебных занятий при изучении предмета в рамках обновления содержания образования. Издание предназначено для руководителей школ, методистов и учителей географии.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2017.
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2017.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын көтеру.

Жалпы орта білім беретін мектептердегі «География» оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың бойында ғылыми-жаратылыстану білімдерін, табиғат, қоғам және экономиканың жүйелі байланысы, Жер туралы түсініктері мен көзқарастарын, Қазақстан Республикасының әсем табиғаты және экономикасының ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыруға, функционалдық сауаттылықты және жүйелі-кешенді немесе «географиялық» сананы дамытуға бағытталған.

Негізгі орта білім деңгейінде білім алушылардың бойында:

- жалпы географиялық ұғымдар мен заңдылықтар, материктер мен мұхиттардың табиғатының ерекшеліктері туралы білім және көзқарас қалыптастырудың;
- карталармен, сызбалармен, кестелермен, диаграммалармен жұмыс істеу дағдыларын дамытудың, әр түрлі географиялық ақпарат көздерінен қажетті материалдарды жинақтаудың;
- адамдардың тіршілік әрекетінде табиғаттың маңызы, адам мен табиғаттың, қоғам мен табиғаттың өзара байланысының әлеуметтік, экономикалық жағдайға тәуелділігі туралы ұғым негізінде экологиялық білімін одан әрі жалғастырудың;
- географиялық қабықтың және жекелеген аумақтардың жалпы заңдылықтары, жердің сыртқы қабығының құрылысы және өзара байланысы туралы білім қалыптастырудың, экономикалық ұғымдар мен көзқарастарды дамытудың негізі қаланады.

Сонымен қатар, орта білім беруді жүйелі жаңғырту жағдайында мұғалімдерге жан-жақты қолдау көрсету болып табылады.

Әдістемелік құралды әзірлеудің мақсаты: білім беру мазмұнын жаңарту аясында 7-9 сыныптарда «География» оқу пәнін оқытуды ұйымдастыру, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін құрастыру, мақсаттарға байланысты тапсырмалар дайындау бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу; сонымен бірге құралда білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптарда) «География» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктерін ашу, «География» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері; сабақтың тақырыбына және мақсатына байланысты тапсырмалар мен білімді бағалаудың критерийлерін әзірлеу, заманауи сабақты жобалау мен ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар беру.

1 Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптарда) «География» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Білім мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім деңгейінде «География» пәні 7-9-сыныптарда оқытылады.

География туралы бастапқы ұғым 5-6-сыныптардағы «Жаратылыстану» пәнін меңгеру барысында қалыптастырылады.

Атап айтқанда, 5-6-сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасында «негізгі орта білім деңгейінде оқытылатын «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін зерделеу, негізін қалауға бағытталған кіріктірілген курс болып табылады» деп көрсетілген [1].

5-6-сыныптардағы «Жаратылыстану» пәнін оқу бағдарламасының мақсаты оқушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

5-6-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінің білім мазмұны жеті тараудан тұратын болса, оның үш тарауының, яғни «Ғалам. Жер. Адам», «Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер», «Экология және тұрақты даму» материалдары географияға қатысты:

1. «Ғалам. Жер. Адам» бөлімінің бөлімшелері:
1) макро- және микроәлем;
2) жер туралы жалпы мағлұматтар;
3) жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері;
4) жердегі тіршілік;
5) жер бетін бейнелеу тәсілдері,
6) материктер мен мұхиттар;
7) халық географиясы.
2. «Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер» бөлімінің бөлімшелері:
1) өлі табиғаттағы үдерістер;
2) тірі табиғаттағы үдерістер.
3. «Экология және тұрақты даму» бөлімінің бөлімшелері:
1) экожүйелер;
2) тірі ағзалардың саналуандығы;
3) табиғатты қорғау.

Негізгі орта білім деңгейінде «География» пәнінің оқу бағдарламасын әзірлеу барысында, яғни пәннің мақсаты мен міндетін анықтауда, білім мазмұнын құрастыруда 5-6-сыныптардағы «Жаратылыстану» пәні оқу бағдарламасында берілген оқу мазмұны ескерілген.

7-9-сыныптарда «География» пәнін оқытудың мақсаты:

- дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын;
- географиялық ойлау қабілеті дамыған;
- географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын;

- географиялық мәдениеті бар;
- дүниенің географиялық бейнесін түсінетін;
- география тұрғысынан ойлау қабілеті бар тұлға тәрбиелеу болып табылады [2].

«География» пәнін оқыту барысында тұлғаның географиялық мәдениетіне, географиялық ойлауға, дүниенің географиялық бейнесіне аса көңіл аударылады.

Тұлғаның географиялық мәдениеті дегеніміз тұлғаның бойындағы Жер, қоршаған орта, табиғат туралы, оның алуан түрлілігінің себептері, халқы мен шаруашылық әрекеті туралы білім мен «адам – табиғат – қоғам – мәдениет» жүйесіндегі өмірлік құндылықтарды меңгеруінің көрінісі.

Дүниенің географиялық бейнесі – аумақтық табиғи-қоғамдық жүйелердің қасиеттері мен заңдылықтары туралы көзқарастар жиынтығы.

Географиялық ойлау деп географиялық нысандар, үдерістер мен құбылыстарды, олардың арасындағы байланыстарды тану және олардың маңызды қасиеттерін бейнелеуді айтады.

«География» пәнінің міндеттері:

– географияның ғылыми пән ретіндегі рөлі мен оның қазіргі заманғы адамзат мәселелерін, сондай-ақ ғаламдық мәселелерді шешудегі әлеуетін түсінуге мүмкіндік беру;

– оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;

– қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

– оқушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал жасау;

– оқушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау;

– кеңістіктік ойлау мен картографиялық дағдыларды қалыптастыру;

– географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Типтік оқу жоспарына сәйкес «География» пәні бойынша оқу жүктемесі төмендегідей:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

«География» пәні оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Білім мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім деңгейінде «География» пәнінің мазмұны алты бөлімнен тұрады (1-сызба).

1-сызба. Негізгі орта білім деңгейінде «География» пәнінің мазмұны

Оқу бағдарламасында негізгі орта білім деңгейінде «География» пәні мазмұнын беретін алты бөлім өз алдына бөлімшелерге бөлінген және олар 2-7-сызбаларда көрсетілген.



2-сызба. «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі

3-сызба. «Картография және географиялық деректер базасы» бөлімі



4-сызба. «Физикалық география» бөлімі



5-сызба. «Әлеуметтік география» бөлімі

6-сызба. «Экономикалық география» бөлімі



7-сызба. «Елтану және саяси география негіздері» бөлімі

Оқыту мақсаттары әрбір бөлім бойынша әр бөлімше ішінде тізбектеліп көрсетілген. Әр бөлімнің бөлімшелеріне қатысты көрсетілген оқыту мақсаттарын сыныптар бойынша орналасуын қарастырайық.

1. «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімінің мазмұны 7-9-сыныптарда «Зерттеу және зерттеушілер» бөлімшесімен берілген. Осы бөлімшенің сыныптар бойынша қарастыратын тақырыптарын келтірейік (1-кесте).

1-кесте. «Зерттеу және зерттеушілер» бөлімшесінде қарастыралатын тақырыптар

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Географияны зерттеу нысандары	География ғылымының салалары	Қазақстандық географтардың зерттеулері
География ғылымының дамуы	Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері	География ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемалары
Географиялық дерек көздері	Географиялық деректерді өңдеу және талдау	Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері
Географиялық тәжірибелер	Географиялық модельдер	Қазақтың халықтық географиялық терминдері
Далалық зерттеулер әдістері	Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары	Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары
Географияда графикалық әдістердің қолданылуы		

«Зерттеу және зерттеушілер» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта географиялық зерттеуге жалпы түсінік берілетін болса, 8-сыныпта географиялық зерттеу әдістерінің түрлері қарастырып, 9-сыныпта географиялық зерттеулер елімізге байланысты тақырыптармен жалғастырылады.

Осы бөлімшені игеруде оқыту мақсаттарының 7-9-сыныптарда орналасуын қарастырайық (2-кесте).

2-кесте. «Зерттеу және зерттеушілер» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
географияның зерттеу нысандарын анықтайды	география ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді	географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды
саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымы-ның дамуына қосқан	география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді	география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы

үлесін сипаттап, баға береді	анықтайды	баяндайды
географиялық дереккөздермен жұмыс істейді	географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады	география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтайды
географиялық нысандардың қасиет-терін тәжірибелік жолмен анықтайды	географиялық деректерді өңдеп, талдайды	
географиялық дала-лық зерттеу әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тір-кейді, жинақтайды, өңдейді, талдайды	географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі тех-никаларда жасау арқылы ерекше-ліктері мен қасиеттерін түсіндіреді	қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді
географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады	зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады	зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады

2-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта географияны зерттеу нысандарын анықтайтын болса, 8-сыныпта география ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді, 9-сыныпта географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін көрсетеді және т.б.

2. «Картография және географиялық деректер базасы» бөлімінің мазмұны 7-9-сыныптарда «Географиялық карталар» және «Географиялық деректер базасы» бөлімшелерімен берілген. Осы бөлімшелердің сыныптар бойынша қарастыратын тақырыптары сәйкесінше 3-кесте және 4-кестеде келтірілген.

3-кесте. «Географиялық карталар» бөлімшесінде қарастыралатын тақырыптар

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Географиялық картосхемаларды қолдану	Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттайтын элементтер	Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері
Географиялық номенклатура	Тақырыптық карталарды оқу	Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері

4-кесте. «Географиялық деректер базасы» бөлімшесінде қарастыралатын тақырыптар

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Географиялық деректерді ұйымдастыру	Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі	Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері
		Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері

«Географиялық карталар» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта географиялық картосхемаларды қолданатын болса, 8-сыныпта тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттайтын элементтерді қарастырып, 9-сыныпта географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдерін игереді және т.с.с.

Осы бөлімшені игеруде оқыту мақсаттарының 7-9-сыныптарда орналасуын қарастырайық (5-кесте).

5-кесте. «Географиялық карталар» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
тақырып бойынша картосхемаларды жасай алады	тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді (профиль, диаграмма, график, кесте)	маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды

	құрастырады	
географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді	географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқиды	географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді
	географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсетеді	

5-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта тақырып бойынша картосхемаларды жасайтын болса, 8-сыныпта тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді (профиль, диаграмма, график, кесте) құрастырады, 9-сыныпта маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды және т.б.

«Географиялық деректер базасы» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта географиялық деректерді ұйымдастыруды қарастыратын болса, 8-сыныпта географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлін, 9-сыныпта географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдерін игереді.

«Географиялық деректер базасы» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 6-кестеде берілген.

6-кесте. «Географиялық деректер базасы» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді	ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастырады	Жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді
		шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпарат технологияларын қолдану маңыздылығын сипаттайды

6-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсететін болса, 8-сыныпта ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастырады, 9-сыныпта Жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді және шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпарат технологияларын қолдану маңыздылығын сипаттайды.

3. «Физикалық география» бөлімінің мазмұны «Литосфера», «Атмосфера», «Гидросфера», «Биосфера» және «Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшелерімен берілген. Осы бөлімшелердің сыныптар бойынша қарастыратын тақырыптары сәйкесінше 7-11-кестелерде берілген.

7-кесте. «Литосфера» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы	Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары	Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы
Жердің тектоникалық құрылысы	Жер бедерінің жіктелуі	Қазақстанның басты орографиялық нысандары
Литосфераның тектоникалық қозғалыстары	Материктер мен мұхиттардың ірі орографиялық объектілері	Қазақ оронимдері
Литосфералық катаклизмдер	Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі	Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары
	Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуы	Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары
	Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері	Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру
	Тау жыныстарының жасын анықтау	Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар
	Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық	

	кесте	
	Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері	

8-кесте. «Атмосфера» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Атмосфера және оның құрамдас бөліктері	Климат түзуші факторлар	Қазақстанның климатын түзуші факторлар
Ауа райы және метеорологиялық элементтер	Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы	Қазақстанның климаттық жағдайы
Қолайсыз атмосфералық құбылыстар	Климаттық белдеулер	Қазақстанның климаттық ресурстары
	Материктердің климаттық ерекшеліктері	Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар
	Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері	Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері
	Адамзат әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері	

9-кесте. «Гидросфера» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Гидросфера және оның құрамдас бөлігі	Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы	Қазақстанның ішкі суларының түрлері
Су ресурстарының маңыздылығы	Құрлық суларының шаруашылық маңыздылығы	Қазақ гидронимдері
Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы	Өзен аңғарының құрылысы	Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру
	Өзендердің гидрологиялық режимі	Су ресурстарының экологиялық проблемалары

Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері	Көлдер мен мұздықтар	Қазақстанның ішкі суларының геосаяси проблемалары
Мұхит суларының қозғалыстары	Құрлық суларының экологиялық проблемалары	
Мұхиттармен байланысты апаттар	Су апаттары	
Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары		

10-кесте. «Биосфера» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Биосфера және оның құрамдас бөліктері	Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер.	Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері
Топырақ және оның құрамы мен құрылымы	Материктердің табиғи зоналары	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері
Қазақстанның топырақ түрлері		Қазақстанның табиғи мұрасы
Топырақтың экологиялық проблемалары	Мұхиттарда тіршілік дүниесі	Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы
	Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау	Ноосфераның қалыптасуы
		Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі

11-кесте. «Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы	Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы.	Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары
Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері	Географиялық қабықтың заңдылықтары	Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы)

		Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар
		Антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдары

«Литосфера» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта литосфераның құрылысын, заттық құрамын, тектоникалық қозғалыстарын, 8-сыныпта жер бедерінің қалыптасуын, таралу заңдылықтарын, жіктелуін, адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсерін қарастыратын болса, 9-сыныпта 7-8-сыныптарда қарастырылған тақырыптарды Қазақстанға қатысты қарастырады.

«Литосфера» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 12-кестеде берілген.

12-кесте. «Литосфера» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды	жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттейді	Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтайды (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)
Жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды	жер бедері түрлерін жіктейді	басты орографиялық нысандарды сипаттайды
Жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын (дрейф, коллизия, субдукция, спрединг) талдайды	жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды	қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіреді	материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстырады	Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтарын анықтайды
литосфералық	тау жыныстары мен	Қазақстанның минералды

катаклизмдер барысында өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіреді (жергілікті компонент негізінде)	минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді	ресурстарын өндіру және өңдеудіңбасты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттайды
	тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасайды	Қазақстанның минералды ресурстарына баға береді
	тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтайды	минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды топтастырып, шешу жолдарын ұсынады
	тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіреді	
	геологиялық жылсанау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алады	
	жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)	

12-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта Жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын

картадан көрсетіп және сипаттайтын болса, 8-сыныпта геологиялық жылсанау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырататын болса, 9-сыныпта Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттайды және т.с.с..

«Атмосфера» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта Ауа райы және метеорологиялық элементтерін, 8-сыныпта климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсерін қарастыратын болса, 9-сыныпта қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін қарастырады.

«Атмосфера» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 13-кестеде берілген.

13-кесте. «Атмосфера» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
атмосфераның құрамын сипаттайды	климат түзуші факторларды талдайды	Қазақстан климатын түзуші факторларды талдайды
атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді	атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдап, түсіндіреді	Қазақстанның климаттық жағдайын талдайды
«ауа райы» ұғымын түсіндіреді	климаттық белдеулерді талдайды	Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалайды
метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды сипаттап, зерттеу маңыздылығын анықтайды (температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық)	әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады	Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсынады
метеорологиялық элементтердің (температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын,	климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді (жергілікті	қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды

ылғалдылық) көрсеткіштерін өлшеп, тіркейді (метеорологиялық құрал-жабдықтарды) қолданумен	компонентті қосымша қамту негізінде)	(жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)
метеорологиялық элементтердің (температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық)көрсеткі штері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасайды (жергілікті жер мүмкіндігі бойынша)	адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырып, шешу жолдарын ұсынады	
қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)		

13-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта метеорологиялық элементтердің (температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық) көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасайтын (жергілікті жер мүмкіндігі бойынша) болса, 8-сыныпта климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде), 9-сыныпта Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсынады.

«Гидросфера» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта гидросфера және оның құрамдас бөлігін, дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы мен проблемаларын, 8-сыныпта құрлық суларының түрлерін, қалыптасуын, шаруашылық маңыздылығы мен экологиялық проблемаларын қарастыратын болса, 9-сыныпта Қазақстанның ішкі суларының түрлері мен экологиялық және геосаяси проблемаларын қарастырады.

«Гидросфера» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 14-кестеде берілген.

14-кесте. «Гидросфера» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды	құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды	Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды және сипаттайды (өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары)
су ресурстарының маңыздылығын түсіндіреді	құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді	қазақ гидронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
Дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды	өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді	Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға береді
мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды	өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіреді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)
мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтайды	көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды	Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсынады (трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі)
мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді	құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)	
мұхиттармен және	су апаттарының	

теңіздермен байланысты апаттарды топтастырып, сақтану шараларын ұсынады	алдын алу шараларын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)	
Дүниежүзілік мұхит проблемаларын топтастырып, шешу жолдарын ұсынады		

14-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттап, мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтайтын болса, 8-сыныпта құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде), 9-сыныпта Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсынады (трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі).

«Биосфера» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта топырақ және оның құрамы мен құрылымы, топырақтың экологиялық проблемаларын, 8-сыныпта материктердің табиғи зоналарын қарастыратын болса, 9-сыныпта Қазақстанның табиғи мұрасын, ноосфераның дамуына қосқан үлесі туралы білетін болады.

«Биосфера» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 15-кестеде берілген.

15-кесте. «Биосфера» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды	табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді	Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды
топырақ құрамын, түрлерін анықтап, құрылымын графикалық түрде көрсетеді	табиғат зоналарын жоспар бойынша сипаттайды	ерекше қорғалатын аумақтардың (қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар) құрылу мақсатын түсіндіреді
Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды;	әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстырады	Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді

топырақ ресурстарына баға береді (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)	мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтайды	тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады	өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады	ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттейді
		Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалайды

15-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды, 8-сыныпта табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді және табиғат зоналарын жоспар бойынша сипаттайды, 9-сыныпта Қазақстандағы ерекше қорғалатын аумақтардың (қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар) құрылу мақсатын түсіндіреді.

«Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы мен түрлерін, 8-сыныпта географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын және заңдылықтарын қарастыратын болса, 9-сыныпта Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары туралы білетін болады.

«Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 16-кестеде берілген.

16-кесте. «Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуын (географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер, ландшафтар) түсіндіреді	географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіреді	Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттайды
түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді	географиялық қабық заңдылықтарының	қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп,

жоспар бойынша сипаттайды (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)	маңыздылығын түсіндіреді	мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсынады
		антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттейді (жергілікті компонент негізінде)
		антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын (рекультивация, мелиорация, ландшафттық дизайн) ұсынады

16-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуын (географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер, ландшафтар) түсіндіреді, 8-сыныпта географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетеді, 9-сыныпта антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттейді (жергілікті компонент негізінде).

4. «Әлеуметтік география» бөлімінің мазмұны «Халықтар географиясы» бөлімшесімен берілген. Осы бөлімшенің сыныптар бойынша қарастыратын тақырыптары 17-кестеде берілген.

17-кесте. «Халықтар географиясы» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары	халық санағы	Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы
дүниежүзі халқының діни құрамы	ұдайы өсудің түрлері	дүниежүзі халқының миграциясы
дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары	демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай	Қазақстандағы халықтың миграциясы
ұлтаралық және дінаралық келісім		миграциялық саясат
	демографиялық проблемалар	еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы
	демографиялық саясат	Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық

		саясаты
		елді мекендердің жіктелуі
		елді мекендердің функционалды зоналары
		Қазақстандағы ойконимдер
		Қазақстанда елді мекендердің проблемалары
		урбандалу үдерісі
		Қазақстанда урбандалу үдерісіне баға беру

«Халықтар географиясы» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтарын, діни құрамын, 8-сыныпта демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдайын қарастыратын болса, 9-сыныпта еліміздің демографиялық жағдайы мен демографиялық саясатын қарастыратын болады.

«Халықтар географиясы» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 18-кестеде берілген.

18-кесте. «Халықтар географиясы» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіреді	халық санының анықтау әдістерін түсіндіреді	Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтайды
дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтайды	дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктейді	дүниежүзі халқы көші-қонының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіреді
халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени (өркениеттік) аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді	елдердің демографиялық жағдайын талдап, көрсеткіштерін есептейді (халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам);	Қазақстандағы көші-қон үдерістерін талдап, басты бағыттарын анықтайды

ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді және қалыптастыру жолдарын ұсынады (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді	көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсынады
	дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктейді	еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға береді (қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде)
	«демографиялық саясат» ұғымын түсіндіре отырып жекелеген дүниежүзі елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады	Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
		Қазақстандағы елді мекендерді жіктейді
		елді мекендердің түрлері мен функционалды зоналарын сипаттайды
		Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транскрипциясын үш тілде ұсынады
		Қазақстанның елді мекендерінің проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады
		урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсынады

		Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға береді

18-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени (өркениеттік) аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді, 8-сыныпта «демографиялық саясат» ұғымын түсіндіре отырып жекелеген дүниежүзі елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады, 9-сыныпта Қазақстанның елді мекендерінің проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады және т.с.с.

5. «Экономикалық география» бөлімінің мазмұны «Табиғи ресурстар», «Әлеуметтік-экономикалық ресурстар», «Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы», «Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үдерістері мен көрсеткіштері» бөлімшелерімен берілген. Осы бөлімшелердің сыныптар бойынша қарастыратын тақырыптары сәйкесінше 19-22-кестелерде берілген.

19-кесте. «Табиғи ресурстар» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Табиғи ресурстардың жіктелуі	Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау	Қазақстанның табиғи-ресурстық потенциалы
Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық потенциалы	Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары, орталықтары мен дайын өнім түрлері
	Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері	Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері
		Тұрақты даму
		Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар

20-кесте. «Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Көлік инфрақұрылымы	Экономикалық	Ғылыми-техникалық

	инфрақұрылымның элементтері мен функциялары	революция үдерісі, бағыттары
Әлеуметтік инфрақұрылым		Адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері
		Қазақстанда адамдық капиталды дамыту
		Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары
		Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы
		Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі

21-кесте. «Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші және өңдеуші және қызмет салалары	Қазақстан шаруашылығының салалары
	Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері	Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы
	Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары	
	Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау	

22-кесте. «Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үдерістері мен көрсеткіштері» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
		Дүниежүзілік

		шаруашылықтың субъектілері
		Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі
		Халықаралық экономикалық қатынастар түрлері
		Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері
		Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы
		Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері
		Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны
		Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны

«Табиғи ресурстар» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта табиғи ресурстардың жіктелуін, 8-сыныпта табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлерін қарастыратын болса, 9-сыныпта еліміздің жекеленген ресурс түрлерін өңдеу технологияларын, орталықтары мен дайын өнім түрлерін қарастыратын болады.

«Табиғи ресурстар» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 23-кестеде берілген.

23-кесте. «Табиғи ресурстар» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
табиғи ресурстарды жіктейді	табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалайды	Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды

табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдайды (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)	жекелеген дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды	Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды
табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсетеді;	жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)	табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастырады
табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)		тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттайды
		Қазақстанда табиғатты пайдалану проблемаларын анықтап, шешу жолдарын ұсынады
		табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізеді (жергілікті компонент негізінде)

23-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде), 8-сыныпта жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде), 9-сыныпта еліміздегі жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды.

«Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта әлеуметтік инфрақұрылымды, 8-сыныпта экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функцияларын қарастыратын болса, 9-сыныпта еліміздегі инновациялық инфрақұрылымдарды қарастыратын болады.

«Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 24-кестеде берілген.

24-кесте. «Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
көлік инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдайды
әлеуметтік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)		адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстырады (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)
шаруашылық салаларын жіктеу арқылы (ауыл шаруашылық, өнеркәсіп), маңыздылығын түсіндіреді		Қазақстанда адам капиталының сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді
		Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарын анықтап, болжам жасайды
		Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының жағдайын талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді
		Қазақстан аймақтарының инфрақұрылымын талдап, проблемаларды шешу жолдарын ұсынады

24-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде), 8-сыныпта экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде), 9-сыныпта Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының жағдайын талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және т.б.

«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын, 8-сыныпта дүниежүзілік шаруашылықтың салалардың сипатын қарастыратын болса, 9-сыныпта еліміздің экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануын қарастыратын болады.

«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 25-кестеде берілген.

25-кесте. «Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
шаруашылық салаларын жіктеу арқылы (ауыл шаруашылық, өнеркәсіп), маңыздылығын түсіндіреді	шаруашылық түрлерін жіктейді (өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы)	Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды
	ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіреді
	ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	
	дүниежүзі	

	шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды	

25-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта шаруашылық салаларын жіктеу арқылы (ауыл шаруашылық, өнеркәсіп), маңыздылығын түсіндіреді, 8-сыныпта ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде), 9-сыныпта еліміздің экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіреді және т.б.

«Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үдерістері мен көрсеткіштері» бөлімшесі тек 9-сыныпта ғана қарастырылады. Бөлімшені игеруде оқыту мақсаттары 26-кестеде берілген.

26-кесте. «Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

9-сынып
дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды
халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды
халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды
дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттайды (жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім оның ішінде жан басына шаққанда)
дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдайды
дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістерін талдайды
Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтайды
Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтайды

26-кестеден оқыту мақсаттарынан дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымын қарастыра отырып, осы мәселелер бойынша еліміздегі жағдайлардың сипатталатынын көреміз.

6. «Елтану және саяси география негіздері» бөлімінің мазмұны «Дүние жүзі елдері» бөлімшесін тұрады. Осы бөлімшенің сыныптар бойынша қарастыратын тақырыптары 27-кестеде берілген.

27-кесте. «Елтану және саяси география негіздері» бөлімшесінің тақырыптары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы	Дүниежүзінің саяси картасы	Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша

		топтастырылуы
	Елдердің саяси типологиясы	Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары
Елдердің экономикалық географиялық жағдайы	Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер	Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы
	Елдердің саяси-географиялық жағдайы	Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер
	Саяси интеграция. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары	Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары

«Елтану және саяси география негіздері» бөлімшесі бойынша 7-сыныпта дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайын, діни құрамын, 8-сыныпта саяси интеграция, Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамаларын қарастыратын болса, 9-сыныпта еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайын қарастыратын болады. «Елтану және саяси география негіздері» бөлімшесін игеруде оқыту мақсаттарының сыныптар бойынша орналасуы 28-кестеде берілген.

28-кесте. «Елтану және саяси география негіздері» бөлімшесінің тақырыптарын игерудегі оқыту мақсаттары

7-сынып	8-сынып	9-сынып
елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	саяси картаның басты нысандарын сипаттайды	елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырады (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)
елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады	халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастырады (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)
елдерді экономикалық-географиялық орнына	саяси картаның сандық және сапалық	Қазақстан Республикасының

байланысты топтастырады (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	өзгерістерін талдайды	әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға береді
елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	елдердің саяси-географиялық жағдайына баға береді	Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);	саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіреді	Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты түрлі мақсатты аудиториялар үшін дайындайды
елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдайды	

28-кестеден оқыту мақсаттарының сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңейіп, күрделене түсетінін көруге болады. Мысалы, оқушылар 7-сыныпта елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде), 8-сыныпта елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады, 9-сыныпта Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады және т.с.с.

Жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеуде негіз болған мәселелер жүйелік іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру арқылы практикаға бағдарланған іс-әрекетті күшейту, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, білім беру деңгейлері бойынша оқу материалдарын қайта бөлу және пәнаралық кіріктіруді күшейту жолымен пән мазмұнын жүйелеу, жалпы орта білім мазмұнын бейіндік бағытын және саралауды күшейту, қазақстандық компонентті күшейту, тәрбие әлеуетін күшейту, практикалық, жобалық зерттеу жұмыстарын және эксперименттік тапсырмалардың көлемін көбейту, оқу бағдарламасына заманның талабына сай әлемдік жаңалықтар мен Қазақстан

қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы материалдарды енгізу болды.

Оқу бағдарламасының әр бөлімін игеру барысында географиялық зерттеу әдістерін қарастыруға, картография және географиялық деректер базасын қолдануға басты назар аударылады.

2 «География» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

«Оқыту әдісі» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту үдерісінде мұғалімнің оқу жұмысы мен оқушылардың танымдық іс-әрекеті жолдарын байланыстырыла шешетін оқу іс-әрекетінің міндеттерін бейнелейді. Демек, оқыту әдістері - оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың біріккен іс-әрекетінің жолдары болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады. Тәсіл - әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, бір реттік әрекет. Оқыту үдерісінде әдістер мен тәсілдер әр түрлі құрамда қолданылуы мүмкін.

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп сапалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұн, принциптер, оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие үдерісінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылаушы-түзетуші кызметтерді атқарады. Әдістер көмегімен оқыту мақсаты жүзеге асырылады, яғни бұл – үйретуші функцияның байқалуы, оқушылардың даму деңгейі мен қарқыны қамтамасыз етіледі - дамыту функциясы, сол сияқты тәрбие нәтижелерінің анықталуы - тәрбиелік функцияның жүзеге асырылуы болып табылады. Әдістер мұғалім үшін оқушыларды оқуға ұмтылдырушы құрал ретінде қолданылады, ал кейде танымдық іс-әрекетті ынталандыру қызметін атқарады. Бұл оның ынталандырушы рөлін атқаруы.

Оқытуды ұйымдастыру әдісі - білімді игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мұғалім мен оқушының бірліктегі іс-әрекеттік қимыл-тәсілдері. Оқу мақсаты жолындағы ұстаздың оқыту жұмысы мен шәкірттің оқып-үйрену әрекеттерінің өзара байланыстылығы осы оқу әдісінен көрінеді. Қандай болмасын оқыту әдісі, - дейді И.Я.Лернер, - оқушылардың білім мазмұнын игеруін, сөйтіп оқыту мақсатына жетуді қамтамасыз етерлік олардың танымдық, әрі практикалық әрекетін ұйымдастыратын белгілі нысанға бағытталған мұғалім әрекетінің жүйесі болып табылады.

Оқыту - жеке адамның қалыптасуының, ақыл-ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен, нақты мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Пәнді оқыған кезде білім алушылар білімнің жиынтығын меңгереді және сол саламен тығыз байланысты білік пен дағдыға ие болады [3].

Осығын сәйкес оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы болашақ ұрпақтарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан да қазіргі мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер оқу - тәрбие үрдісін жетілдіруге жаңа талаптар қояды. Сондықтан осыған сәйкес жаңартылған білім мазмұны мектептерде жүзеге асырылуда.

Елімізде осыған сәйкес жаңартылған білім мазмұны жаңа оқу жоспарлары және оқу бағдарламаларымен оқитын болады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы бағдарламаның ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабақта білімді «алудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады.

Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болады, міне, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында.

Жаңа бағдарламаның құрылымы да, формасы да қолданыстағы 11 жылдық мектеп бағдарламаларынан едәуір ерекше. Баланың білім беру үдерісін ұнатуына, жаңа ақпарат пен идеяларға қызығушылық танытуына, өзінің табиғи білімге деген ынтасын ұдайы дамытып отыруына бағытталған. Бұл еркін ойлау, айқын әрі тез ойлау, жүйелі әрі нақты жеткізе білу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Жаңартылған мазмұндағы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу.

7-9-сыныптарына арналған «География» пәніні қазіргі заманауи орта білім берудің ерекше өзектілігі арқылы анықталатын функционалдық сауаттылық пен құзіреттіліктерді оқушыларда қалыптастыруға бағытталған.

Басты мақсаты оқушылардың қазіргі әлемді тану кезінде жан-жақты экономикалық-географиялық білімді меңгеруі, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен профильдік-кәсіби бағдарын дамыту, кеңейту.

Жаңартылған оқу бағдарламасында пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейтіліп (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру) жасалынған. Таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерерахиясы сақталған.

Бағдарламада қазіргі өмірде қолданылатын кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі.

Білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстары ескерілген. Бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы және әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аударылған. Оқу процесі ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылған.

Жаңартылған мазмұндағы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктері, сонымен қатар білім беру бағдарламасының деңгейін (оқыту сатысы) ескере отырып, табиғат, қоғам, адам туралы заманауи ғылыми түсініктерге сай әзірленген. Бағдарламада ҚР МЖМОББС негізінде жатқан жүйелік-әрекеттік тәсіл жүзеге асырылады, оқу іскерлігінің негізін құрайтын басты құзіреттіліктердің меңгерілуін қамтамасыз ететін әмбебап дағдылардың қалыптасуы қарастырылады.

Жалпы орта білім беретін МЖМОББС негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар география пәні бойынша оқушылардың тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерге жетуіне бағытталған.

Бағдарлама мазмұны оқушылардың географиялық ілім жүйесінің негіздерін меңгеру, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі таныту және кәсіби бейімделу, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, тұлғаның зияткерлік, адамгершілік-рухани дамуына бағытталған.

Ұсынылған бағдарламада оқыту формалары, әдістері мен технологиялары әлемдік инновациялық оқыту тәжірибесін және оқушыларда оқуға деген қызығушылық тудыратын заманауи білім беру технологияларын қолдану есебінен жаңартылған.

Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу табыстылығын қамтамасыз ететін логикалық, сыни және конструктивті ойлау негіздерін, алынған білімді оқу және тәжірибелік іс-әрекетте пайдалану іскерлігін қалыптастыру мақсатында тиімді оқыту формалары мен әдістері енгізілген.

Сынып ұжымын жаппай оқыту формасынан интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологиялары, сандық инфрақұрылымды қолдана отырып, әр оқушының жеке білім алу траекториясын жүзеге асыруға көшу қамтамасыз етілген.

Жалпы алғанда бағдарлама мазмұны, оқыту формалары мен әдістерінің жаңартылуы мұғалім мен оқушылар арасында серіктес және тату қатынастар қалыптастыруға септігін тигізеді. Білім алушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру өте маңызды болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде:

- энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, акцентті ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстыру;
- ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру;
- ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру;
- оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын және білім салалары бойынша әрі қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

«География» пәні оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Бағдарламада оқу мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін кодтау енгізілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқу мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында «7» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны. 29-кестеде «Оқу мақсаттарының жүйесінен үзінді берілген.

29-кесте – Оқу мақсаттарының жүйесі

Білім алушылар білуі тиіс:				
Бөлім	Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1 Географиялық зерттеу әдістері	1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтайды 7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді 7.1.1.3 географиялық дереккөздермен жұмыс істейді 7.1.1.4 географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды 7.1.1.5 географиялық далалық зерттеу әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тіркейді, жинақтайды, өңдейді, талдайды 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің	8.1.1.1 география ғылымының сала-ларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді 8.1.1.2 география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтайды 8.1.1.3 географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады 8.1.1.4 географиялық деректерді өңдеп, талдайды 8.1.1.5 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі техникаларда жасау арқылы ерекшеліктері мен	9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндайды 9.1.1.2 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтайды 9.1.1.3 географиялық нысандар мен құбылыс-тарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды 9.1.1.4 қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді 9.1.1.5 зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады

		ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады	қасиеттерін түсіндіреді 8.1.1.6 зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады	

Оқу бағдарламасына сәйкес ұзақ мерзімді және орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар жасалынады [4].

Ұзақ мерзімді жоспар – бұл оқу бағдарламасының жалғасы, онда пәндік мазмұн нақтыланады, орта мерзімді жоспар – бұл ұзақ мерзімді жоспармен қалай жұмыс істейтінін егжей-тегжей сипаттайтын, оқу материалын сынып ішінде және сыныптар арасында байланыстырып көрсететін жұмыс сызбасы, қысқа мерзімді жоспар – бұл жеке сабақ үлгісі.

Оқытудың күтілетін нәтижелері оқытудың ұзақ мерзімді және орта мерзімді мақсаттар жүйесін құра отырып, нақты оқу пәнінің оқыту мақсаттарында әрбір бөлім бойынша нақтыланады.

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұзақ мерзімді жоспарларда білім беруді дамытудың жалпы қағидалары (оны дамыту тұжырымдамасы); дамытудың басты бағыты және бағдарламалары; көзделген білім беру мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды шаралардың мазмұны мен жүзеге асыру біріздiлігі көрсетіледі.

Әр оқу пәні бойынша мазмұнды жобалаудың ұстанымдары өзгерді: сызықтық ұстаным спиральдік (шиыршық) принципіне алмасты, яғни білім мен біліктің бірте-бірте тігінен және көлденеңінен (сынып, тақырып бойынша дағдыларының күрделенуі) ұлғайтылды. Меңгерілетін оқу материалының, құрылымының, сынып және тоқсан бойынша ұсынылған пәнаралық ортақ тақырыптардың спиральдік (шиыршық) принципімен берілуі ескерілді.

Ұзақ мерзімді жоспарға бір оқу жылына арналған оқыту тақырыптары енеді. 30-кестеде 7-сынып бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарынан үзінді берілген.

30-кесте – Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді.7-сынып

Бөлімше	Тақырыптар	Оқу мақсаттары.
Білім алушылар:		
1-тоқсан		
1. Географияны зерттеу тәсілдері		
1.1 Зерттеу және зерттеушілер	Географияны зерттеу нысандары	7.1.1.1 -географияның зерттеу нысандарын анықтайды
	География ғылымының дамуы	7.1.1.2 -саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді
	Географиялық дерек көздері	7.1.1.3 -географиялық дереккөздермен (карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар)

		жұмыс істейді
	Географиялық тәжірибелер.	7.1.1.4- географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды
	Далалық зерттеулер әдістері	7.1.1.5- географиялық далалық зерттеу әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тіркейді, жинақтайды, өңдейді, талдайды
	Географияда графикалық әдістердің қолданылуы	7.1.1.6- географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады (диаграмма, профиль, график)

Орта мерзімді жоспарларда мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабақтар өткізу, сабақтарда оқушыларды ұйымдастыру ұсыныстары берілген, сондай-ақ оқыту ресурстары қосылған (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне- және аудиоматериалдары және т.б.). Оқытудың мақсаттары мен тәсілдеріне негізделген жоспарларда мұғалімдер үшін әрбір бөлім мен тақырыптарды өткізу, оқушылардың сабақта білім алуын ұйымдастыру бойынша ұсынымдары, сонымен бірге оқу ресурстары енгізілген (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне және аудио материалдары т.б.).

Орта мерзімді жоспарлардың оқу бағдарламасын сабақтардың жүйелі сериясына құрылымдайтын мұғалімдер тобы немесе жеке мұғалім жүзеге асырады. Орта мерзімді жоспар ұзақ мерзімді жоспармен анықталған бағдарларды нақтылайды және ең қысқа мерзім аралығында жүзеге асырылады. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген кезеңге арналған негізгі міндеттерді тұжырымдайды. Онда әрбір тоқсанға немесе бөлімге арналған оқыту тақырыптары көрсетіледі. Бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді, сондай-ақ мұғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады [5].

Мұғалім сыныптағы оқушылардың жеке ерекшеліктері мен үлгерім деңгейін ескере отырып, тапсырмалардың кейбір түрлерін өзгерту және түзетуі мүмкін. Келесі кестеде 7-сыныптың «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша орта мерзімді жоспарының үлгісі берілген (31-кесте).

31-кесте – Орта мерзімді жоспар.7-сынып

География Негізгі мектеп 7-сынып
7.1А Географиялық зерттеу әдістері
Осыған дейін меңгерілген білім
Оқушылар ғылымға кіріспе бөлімінен негізгі зерттеушілерді және олардың әлемді танып – білудегі алатын орны туралы біледі. Саяхатшылар мен зерттеушілер туралы біледі.
Контекст Оқушылар кеңістік, географиялық қабық пен географиялық ортаның нысандарын, үдерістерін және құбылыстарын зерттейді. Саяхатшылар мен зерттеушілердің үлесін уақыт желісінде көрсету, сипаттау және баға беру. Зерттеу әдістерін жалпы сипаттау, суреттермен, фотосуреттермен, сызба нұсқаларымен жұмыс жасау дағдыларды дамыту, қарапайым географиялық деректермен жұмыс жасап тұжырымдама жасайды. Географиялық карталармен жұмыс жасау дағдыны әрі қарай

дамытады және географиялық есептерді шығарады.

Осы бөлімдегі «География» пәнінің тілдік мақсаты

Төменде оқушыларға қажетті ғылыми тіл қамтылған тілдік мақсат үлгісі берілген.

Пәндік мақсат	**Тілдік мақсат**	**Пәнге қатысты лексика мен терминология**	**Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер**
7.1.1.1 Географияның зерттеу нысандарын атау 7.1.1.2 Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға беру 7.1.1.3 Географиялық дерек көздерімен жұмыс істеу (карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар) 7.1.1.4 Географиялық далалық зерттеу көрсеткіштерді өңдеу	Оқушылар: Мәтінді оқи отырып, зерттеу мен зерттеушілерді және зерттеу әдістерін сипаттай алады. Географиялық дереккөздерді қолданып, талдау жасайды.	География, физикалық география, экономикалық география	Саяхатшылар..... ..... Зерттеушілер..... ..... Далалық әлістерге жатады..... .....

Басқа тілдік мақсаттарды қалыптастыру үшін, сонымен қатар пәнді және академиялық тілді оқыту барысында қолданылатын тілді оқыту мақсаттары бойынша қосымша ұсыныстар алу үшін жоғарыда келтірілген «*Тілдік мақсаттар жөнінде кіріспе*» бөлімін қараңыз.

Қысқаша шолу

Оқушылар кеңістік, географиялық қабық пен географиялық ортаның нысандарын, үдерістерін және құбылыстарын зерттей алады, Саяхатшылар мен зерттеушілердің үлесін уақыт желісінде көрсете алады, сипаттап баға бере алады.Зерттеу әдістерін жалпы сипаттай алады. Географиялық дерек көздерімен және карталармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Географиялық есептерді шығару.

Оқу бағдарламасына сілтеме	**Оқыту мақсаттары**	**Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері**	**Мұғалімге арналған ескертпелер**	**Оқыту ресурстары**
1 бөлім **Зерттеу және зерттеушілер**	7.1.1.1 Географияның зерттеу нысандарын атау 7.1.1.3 Географиялық дерек көздерімен жұмыс істеу	(К) *Ой тастау* География ғылым ретінде қалай пайда болған? (Балаларға ресурстармен жұмыс жасауды ұсыну) (К) Географияның зерттеу нысанын түсіндіру (ресурс көздері арқылы географияның нені зерттейтінін анықтайды) (Ж) Кеңістік түсінігін талқылау	Оқушыларға өз білімдерін көрсету мүмкіндігін ұсыныңыз. (кеңістік ұғымына жетелеу) Географияның басты сұрақтарын ескеру. Олар: Не? Қайда? (қашан)? неге? Осы сұрақтар арқылы географияның заңдылықтарын ашу. Мысалы, Не? –	https://www.youtube.com/watch?v=knvSTe_MOuw Наша планета Земля из космоса (слайд-шоу)

	(карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар)	(Ж) Оқушыларға географиялық фотосуреттер таратылып беріледі (ғарыштық, Жер планетасы, географиялық қабық, құрлықтар), оқушылар осы суреттер арқылы кеңістікті иерархия түрінде көрсетеді Планетарлы Аймақтық Жергілікті (Т) Жердің нақты мекен-жайын анықтау *(Жер ғаламшарының «төлқұжатын» дайындау)*	Литосфера, Қайда орналасқан? – Жер қабатының жоғарғы бөлігінде. Неге? – Литосфераның қалыптасуының заңдылығына жауап береді Не үшін зерттейміз?- құрылыс жүргізу үшін, өнеркәсіпті орналастыру үшін т.б.	
	7.1.1.2 Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға беру	(К) Дүниежүзі бойынша саяхатшыларға шолу жасау (Қб) Саяхатшылардың жүрген жолдарын графикалық түрде (саяхатшылар мен зерттеушілерді бейнелеу (С) Географиялық қоғамының құрылуы (Қазақстанның географиялық қоғамының құрылуы)	Мұғалім оқушыларға дүниежүзі бойынша география ғылымына елеулі үлес қосқан ғалымдар жайлы 4 кезең бойынша ақпарат ұсынады. Кейін география қоғамы туралы ақпарат беріледі.	*Литосфера тақталарының картасы.* http://en.wikipedia.org/wiki/Continental_crust Н.Баяндин «Ұлы географиялық ашылулар» Алматы «Мектеп» 1989 ж *Кесіндідегі литосфера.* http://earthquake.usgs.gov/learn/glossary/?term=lithosphere
	7.1.1.4 Географиялық далалық зерттеу көрсеткіштерді өңдеу	(Т) Оқушылар далалық зерттеу әдістерін қолдануды үйренеді. Мысалы: жергілікті жерді бағдарлау, өлшеу, деректер жинақтау (Қб) Зерттеу жұмыстарын (презентация, буклет,	Мұғалім далалық зерттеу әдістерін түсіндіреді. Оқушылармен далалық зерттеуге шығады: *көкжиек тұсын анықтау, тұсбағдармен жұмыс, арақашықтықты*	Айналаны бағдарлау https://www.youtube.com/watch?v=9OCAqt7Sslw Күнге қарап көкжиекті бағдарлау https://www.youtube.com/

		альбом, постер) ұсынады	*өлшеу, т.б*	watch?v=2U8bcC5cF84

Орта мерзімді жоспардың әр бөлімде «География» пәнінің тілдік мақсаты берілген. Әр пәннің өз тілдік стилі бар, оны нақты бір пәннің «ғылыми тілі» деп атауға болады. Ғылыми тіл – пәннің мазмұнын оқып үйрену және ойлау мен пәндік мазмұнның негізгі ұғымдарымен жұмыс істеу қабілетін жақсарту үшін қолданылатын негізгі құрал. Екінші не үшінші тіл арқылы оқитын оқушылардың көпшілігіне олардың ғылыми тіл мен пән мазмұнын игеруі үшін білім алу үдерісінде үнемі қолдау көрсетілуі қажет. Үштілді білім беру контексінде бірінші тілдегі ғылыми тілдің дамуы да тұрақты назарды талап етеді. Сондықтан, бірінші тіл арқылы оқуға берілетін шектеулі уақытты тиімді және нәтижелі қолдану керек.

Тілдік мақсаттар ғылыми тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен не күтілетіндігін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына тікелей байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушыларға оқуға деген ынтаны қалыптастыруға, өлшеуге және қолдауға көмектеседі. Пәндік мазмұнды оқытуға, әрі ғылыми тілді үйретуге тұрақты екі бағытты ұстанатын пән мұғалімдері оқушыларға үлгі көрсетіп, пән мен тілді қатар алып жүруге көмектеседі.

Ғылыми тілді оқып үйренуді қолдау үшін мұғалімдерге оқу жоспарларына мынадай тілдік мақсаттарды қосу ұсынылады:

- оқушылардың назарын ғылыми тілге аудару (мысалы, пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін қажетті терминология мен тіркестері бар лексика);
- сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті жұмыс тілін қалыптастыру (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті тіркестер);
- сабақ барысында лексиканы, оның ішінде терминология мен тіркестерді орынды пайдалану үшін оларды алдын ала оқыту кезеңінде тиімді қолдану;
- оқушылардың тілдік дағдының төртеуін де түрлі әрекеттерде (мысалы, оқылым-тыңдалым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым,тыңдалым-жазылым және т.б.) әртүрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолдану;
- оқушыларды пікірталас, диалогтарға тарту (мысалы, оқушылардан қысқа жауаптарды қабылдамау және жауаптары тек білімді ғана көрсететін сұрақтар қоймау; оқушыларды өз білімін нәтижелі талқылау үшін пайдалануға ынталандыру, сондай-ақ оқушылар диалогқа қатыса алуы үшін қажет бай сөздік қормен қамтамасыз ету);
- белгілі бір тілге тән дағдыларды дамыту (мысалы, қажетті мәліметті алу үшін тыңдау, түсіндіру, металингвистикалық және метакогнитивтік танымды дамыту, басқа сөзбен айту, сөздікпен жұмыс істеу дағдылары);

- тіл туралы сын тұрғысынан ойлауды дамыту (мысалы, тілдерді салыстыру, оқушылардың тілді барынша нақты пайдалануға ынталандыру, тілді меңгерудегі жетістіктерін бағалау);
- сабақтың басында тілдік мақсатты белгілеу, сабақтың соңында осы мақсат бойынша қол жеткізілген жетістіктерді талқылау.

Тілдік мақсат үлгісі сонымен бірге ғылыми тілдің құрамдас бөліктерін қамтиды, оны пайдалану мен есте сақтауға оқушылардың назарын аудару маңызды. Олар келесі тақырыпшалар арқылы көрсетілген: пәнге тән арнайы лексика және терминология, диалог/жазылым үшін қажетті тіркестер. Берілген тіл оқушылар үшін түсінікті әрі анық болса, бұл олардың пәндік мақсаттар мен тілдік мақсаттарға қол жеткізулеріне көмектеседі.

Тілдік мақсаттарды құру үшін келесі етістіктерді пайдалануға болады: талдау, санаттарға бөлу, таңдау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, сәйкестендіру, көшіру, құру, сынау, анықтау, сипаттау, құрастыру, бағалау, түсіндіру, мысалдар келтіру, болжау, негіздеу, келіссөздер жүргізу, өндіру, балама шешімдер ұсыну, себептерді түсіндіру, пысықтау, қайта ұйымдастыру, басқа сөзбен айту, мазмұндау, қайта қарап шығу, көшіріп алу, рөлдік ойындар ойнау, қорытындылау, синтездеу және жазу, әртүрлі мақсаттар үшін пайдалану, өз сөзімен анықтама жазу, безендіру.

Кейбір тілдік мақсаттарды пән мазмұнының оқу мақсаты деп те қарастыруға болатынына қарамастан, мазмұн мен тілдің бөлінуі оқушылардың мазмұнға да, тілге де бірдей назар аударуларына ықпал етеді. Бұл, сонымен қатар, жауаптар/шешімдерге және үдерістерге теңдей назар аударуға көмектеседі. Атап айтқанда, осы үдерістерге назар аудару тілдің дұрыс қолданылуы мен ойлау әрекетінің жақсаруына жағдай жасайды.

Тілдік емес пәндердің оқыту мақсаттарының көпшілігі мазмұнға негізделеді, бірақ кем дегенде бір мақсатты тілді дамытуға арнау қажет.

32-кестеде 7-сыныптың орта мерзімді жоспарының «Биосфера» бөлімі бойынша тілдік мақсаттар берілген.

32-кесте. «Биосфера» бөлімі бойынша тілдік мақсаттар.7-сынып.

7.3 «Биосфера» бөлімшесі			
Осы бөлімшедегі «География» пәнінің тілдік мақсаттары			
Төменде оқушыларға қажетті ғылыми тіл қамтылған тілдік мақсат үлгісі берілген.			
Пәндік мақсат	**Тілдік мақсат**	**Пәнге қатысты лексика мен терминология**	**Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер**
7.3.4.1. Биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтау 7.3.4.2 Топырақ түрлерін,	Оқушылар биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды және биосферадағы зат	Биосфера, зат алмасу, фотосинтез, биоценоз, биогеоценоз, биогеография, топырақ құнарлылығы топырақ эрозиясы;	Менің ойымша .....зерттей келе мынандай тұжырым жасадым..... Зерттеу нәтижесі.....көрсетті Осы аймақтағы топырақ эрозиясының

құрамын және таралуын анықтап, құрылымын графикалық түрде көрсету	алмасуды түсіндіреді. Топырақ эрозиясына әкеп соғуы мүмкін бірқатар ықтимал факторлардың салдарын ауызша түсіндіру үшін жұптасып жұмыс істей алады (айтылым және тыңдалым дағдылары	топырақ мелиорациясы топырақты қорғау; гумус, топырақ құрылымы шайылуы, нашар су дренажы, орманның оталуы ауыл шаруашылықтың қолайсыз әдістері	басты **себебі** ...
Басқа тілдік мақсаттарды қалыптастыру үшін, сонымен қатар пәнді және академиялық тілді оқыту барысында қолданылатын тілді оқыту мақсаттары бойынша қосымша ұсыныстар алу үшін жоғарыда келтірілген «Тілдік мақсаттар жөнінде кіріспе» бөлімін қараңыз.			

Қысқа мерзімді жоспарлауда тілдік мақсатты ескеру сабақты ұтымды құруға көмектеседі. Сабақтың сауатты жоспарлануы – мұғалімнің кәсібилігінің көрсеткіші. Сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің бүкіл сыныптың дайындығын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын назарға алу үшін әр оқушының деңгейін есепке алғаны жөн.

Қысқа мерзімді жоспар дайындағанда мұғалімге саралай оқыту тәсілі мен оқушылардың жеке ерекшеліктеріне ерекше назар аудару ұсынылады. Сабақты қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімге сабақ мақсаттарына анағұрлым тиімді қол жеткізуге көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекет түрлерін мұқият іріктеп алуы керек. Мұғалім әр сабақтан кейін білім алушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабаққа талдау (рефлексия) жасап отыруы керек.

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімдердің басшылыққа алуына төмендегідей ұсыныс береміз:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;
- сабақ мақсаттарын анық тұжырымдау (S.M.A.R.T. қағидасы бойынша), яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Мұғалім білімнің тек дара көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық қызметінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Оқыту әдісі мақсатқа жетудің саналы түрде қолданылатын тәсілі, ал мақсатқа жету мұғалімнің шеберлігіне, оның оқыту процесін тиімді ұйымдастыра білуіне, оқушылардың даярлық дәрежесіне, мұғалім мен оқушылардың белсенділік педагогикалық ынтымақтастығына байланысты [6].

Сондықтан заманның талабына сай жаңартылған мазмұндағы сабақтарды жобалаудың келесі алгоритмін ұсынамыз:

1. Сабақтың оқу мақсаты анықталады.

2. «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұнынан оқу мақсатына сай міндеттері жазылады. Жүйелік-әрекеттік және тұлғалық нәтижелерді «Осы сабақта оқи отырып, сендер … үйренесіңдер» деп жазуға болады.

3. Мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін белсенді және интерактивті оқыту әдістерінің орынды түрлері (*оларға шолу және сабақ мақсаттарына сәйкестігі әрі қарай мәтінде беріледі*) іріктеледі. Барлық міндеттерді жиынтықтап орындау сабақтың конспект-жоспарында қарастырылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

4. Уақыт, іс-әрекет түрлері және ресурстар бойынша байланыстырылған сабақ кезеңдері жоспарланады.

Әр сабақтың құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

1) оқушыға түсінікті формада білдірілген сабақтың мақсаттық нұсқаулары («Нені білеміз, не үйренеміз»);

2) сабақта жұмыс істеуге қажетті білім мен іскерліктерді жандандыруға арналған тапсырма (-лар);

3) жаңа мазмұнды меңгеру және қолдану мақсатында мәтіндік және иллюстративті материалдан тұратын тапсырмалар жүйесі (мәтін және иллюстрациялармен жұмыс, сыныппен жұмыс);

4) сабақ мазмұны бойынша қысқа қорытынды («Қорытынды жасаймыз», сыныппен жұмыс);

5) бақылау-бағалау іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар).

6) үй тапсырмасын (үй және шығармашылық тапсырмалар) беру.

Құзіреттілік тәсіл негізіндегі оқыту мақсаттары мен міндеттері инновациялық білім беру технологияларын әзірлеу және қолдануға себеп болады. Атап айтсақ, МЖМОББС оқушылардың дербес жұмыс көлемі мен рөлінің артуын, белсенді оқыту әдістерінің кеңінен қолданылуын, бағалау құралдарының кең ауқымын талап етеді.

Сабақты әзірлегенде оқушылар мақсаттарға бір сабақта емес, сабақтар циклі арқылы қол жеткізетінін есте сақтау керек. Сонымен бірге жұмыстың тізбектік кезеңдерін ұйымдастыру, әр сабақты өту мен оқытудың мақсаттарын айқындау, сабақ беру мен оқытудың нәтижелерін өлшеу әдістемесін бекіту, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оқыту мен сабақ берудің міндеттерін айқындау, оқытудың барлық кезеңінде мақсатқа бағытталған оң динамиканы қамтамасыз ету, барлық білім алушыларды оқыту процесіне тарту мақсатында стратегиялық жоспарлау міндетті.

Тізбекті сабақтарды жоспарлауға байланысты сабақтың өту және оқыту мақсаттарын реттеуді айқындайтын келесі сұрақтар туындауы тиіс:

Сіздің ойыңызша білім алушылар қандай білімді меңгеруі тиіс?

Білім алушылар қандай негізгі идеяларды ұғынуы тиіс?

Білім алушылар қандай мәселелерді зерттеуі және талдауы тиіс?

Мәселен, оқыту мақсаттары (Блум бойынша).

Білім алушылар: … *біледі.* … *түсінеді.* ... *ойланады.* Бұл бағдарламаның идеясын, аталған тәжірибенің ықпалын, өзгерістерін есепке ала отырып өзінің сабақ өту тәжірибесіне енгізуіне мүмкіндік береді.

Тізбекті сабақтарды жоспарлау мұғалімнің мыналарды түсінуіне ықпал етеді: тізбекті сабақтар *кім үшін* жоспарлануда, ең алдымен *нені* үйрету қажет және бағалаудың *қандай тәсілін* пайдалану қажет?

Қысқа мерзімді жоспардың мақсаты нақты сабақ аясындағы жұмыстың ұғымын түсіндірумен, аталған сабақтың оқыту мақсаттарын айқындаумен, нәтижелерін өлшеуді ұйымдастырумен ғана шектелмейді. Аталған сабақ аясында оқыту прогресін қамтамасыз ету және нақты тапсырмаларды орындауда барлық білім алушыларды тарту үшін, оқушылардың түрлі типін оқытуға бағытталған қандай тапсырмалар жүзеге асырылатындығын алдын ала қарастыру маңызды.

Мұғалімге көмек ретінде қысқа мерзімді жоспардың үлгісі беріліп отыр (33-кесте).

33-кесте – Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Литосфера	**Мектеп: Шымкент қ. ФМБ НЗМ**	
Күні:	**Мұғалімнің аты-жөні: Сахова К.К. Есенов Т, Баубекова Н, Сұлтанбаев Н.**	
Сынып: 7	**Қатысқандар саны:** **Қатыспағандар саны:**	
Сабақ тақырыбы	Жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетіп, сипаттау.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	**әртүрлі дерек көздерінен алынған ақпараттар бойынша қорытынды жасайды**	
Сабақ мақсаттары	Жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетіп, сипаттау.	
Жетістік критерийлері	Қолдану Карта бойынша ірі литосфералық плиталарды көрсете алады, кескін картаға сызады. Талдау және қорытынды жасау Литосфералық плиталардың қазіргі қозғалысын карталардан анықтап, талдау жасайды, өз ойларын нақты дәлелдермен қорытындылай алады.	
Тілдікмақсаттар	Пән бойынша сөздер мен терминдер: Ауызша және жазбаша сөзге арналған қажетті сөйлемдер Жер қыртысы .....және ..... болып бөлінеді Материктік жер қыртысы .... қабаттарынан тұрады Мұхиттық жер қыртысы .... қабаттарынан тұрады Сейсмикалық аймақтарға ..... жатады	
Құндылықтардыдарыту	Құндылықтар: - патриотизм - өз елі үшін мақтаныш	
Пәнаралықбайланыстар	физика	

АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақтаны, ноутбукті пайдалан отырыпкеректі мәліметтермен және онлайн картамен, шағын глоссари жасайды. Бейнебаян көреді.	
Бастапқы білім	Литосфера құрылысы	
Сабақбарысы		
Сабақтың жоспарланған **кезеңдері**	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың барысы	Сабақ басында: Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу Оқушыларды түгендеу Топқа бөлу: 4 мектеп құндылығын атау арқылы сыныпты топқа бөлу. Ой шақыру: «Литосфера дегеніміз не? Литосфераның шекарасы бар ма?» Бүкіл сынып оқушылары өз ойларын жеткізеді.	Суреттер Карта Презента ция
Сабақтың ортасы	***Жеке жұмыс:*** 1. Оқушылар берілген мәтінді пайдаланып, суреттен жердің ішкі құрылысын және жер қыртысының құрылысын анықтайды.  ***Жұппен жұмыс*** 1.Оқушылар материктік және мұхиттық жер қыртысының айырмашылығын анықтау үшін берілген сурет және мәтін бойынша сызбанұсқаны толтырады (жер қыртыстары қабаттарының атауы мен қалыңдықтарын жазуы керек).	Мәтін Карталар PowerPoint бағдарлама сында жасалған презента ция Бейнесюже т Твиг білім (видео) Жер қыртысы құрылысы

Жер қыртысының құрылысы



Материктік Мұхиттық

ұқсастығы

айырмашылықтары

Топпен жұмыс

Оқушыларға «литосфералық тақталар, платформалар, геосинклиналды аймақтар» ұғымдарын және қыртыстық жылжу түрлерін мұғалімнің түсіндіруінен кейін, литосфералық тақталардың қозғалысы жайында бейнесюжет көрсетіледі.

Оқушылар бейнесюжеттен көрген материалдарды және жер қыртысы құрылысы картасын пайдаланып, қыртыстық жылжу түрлері мен литосфералық тақталардың жылжуынан жер бетінде қалыптасатын жер бедерінің пішіндерін анықтайды.

1-топ тапсырмалары

Плиталардың қозғалу көріністері беріледі.

1) Бұл қозғалыс қалай аталады?
2) Қозғалысты тудыратын қандай күштер немесе себептері?
3) Қозғалыс қай аймақтарда орын алады?
4) Қозғалыстың қалай жүретінін өз сөзіңмен сипатта.
5) Нәтижесінде не түзілді? Мысал келтір.
6) Мен білемін..... (қосымша)

2-топ тапсырмалары

Мәтін беріледі

1. Мәтінге ат қойыңыз.
2. Мәтінде қандай құбылыстар сипатталған?
3. Осы құбылыс тақталардың қандай қозғалуынан болатынын схема түрінде көрсетіңіз
4. Аталған құбылыстардың суретін салыңыз.

	3-топ тапсырмалары Жер қыртысының ойлы-қырлы бөлігі - **жер бедері** деп аталады. Жер беті бірқалыпты тегіс емес. Ең биік Гималай тауы мен ең терең Мариан шұңғымасы арасындағы айырмашылық 20 шақты км-ді құрайды. Біздің ғаламшырымыздың жер бедері әлі де қалыптасу үстінде: таудың қатпарларын майыстырып литосфералық тақталар соқтығысады, жанартау атқылайды, өзендер мен жауын-шашын тау жыныстарын шаяды, т.б. Жер бедерін қалыптастыратын процестерді 2 үлкен топқа бөлеміз:ішкі және сыртқы күштер. Ішкі күштерді **эндогенді** деп атаймыз. Сыртқы күштерді **экзогенді** деп атаймыз. Екі күштің өзара әрекеті жер бедерінің басты қалыптастырушы негізі болады. Өз аймағыңызда экзогендік және эндогендік күштердің әсерінен пайда болған қандай жер бедері бар? Сипаттама жасаңыз **4-топ тапсырмалары** 1. Флип-чарттың ортасына негізгі тақырыпты жазыңыз. Оны тұйық шеңберге алыңыз. 2. Негізгі тақырыптан жан-жаққа тармақтар шығарыңыз. Тармақтар бойына әр сабақтан үйренген біліміңізді қорытындылап,негізгі түйінді ойды жазыңыз. 3. Картаны тарауды қамтитын ойлар біткенше әрі қарай тармақтай беріңіз. **Сағат тілі бойынша таныстырылым жасау** (4-топ өздеріне берілген тапсырмаларды басқа топтарға таныстырады) 1 3 2 4 **Бағалау (**топтар өздерін бағалайды**)**	
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: Кескін картаға негізгі литосфералық тақталар, платформалар мен қатпарлы аймақтарды түсіру Кері байланыс. Менің түсінгенім..... Маған түсінуге қиын болғаны..... Менің ұсынысым.....	

Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет?	**Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?**	**Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы**
Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер,	Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын	Денсаулық сақтау технологиялары Сергіту сәттері мен белсенді

оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады	әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз	іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын **Қауіпсіздік техникасы ережелерінің** тармақтары
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз

Жаңартылған мазмұндағы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінің оқу бағдарламасының жүзеге асыру үшін заманауи оқытудың әдістері ұсынылады.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуде қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- Алған білімді жүйелеу;
- Өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Осы заманғы педагогикалық процесте қолданылатын әдістер саны, түрі орасан көп. Қазіргі күнде педагогикада әдістерді топтастырудың төрт жолы кең танылған.

Әдістері әр түрлі белгілері бойынша жіктеледі:

- оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша: репродуктивтік, проблемалық, зерттеу, ізденушілік, түсіндірме – көрнекілік, бөлшектеп ізденіс (эвристикалы) және т.б.;
- педагог пен оқушының белсенділік деңгейіне байланысты: пассивті, активті, интерактивті;
- оқу материалының көзі бойынша: сөз, көрнекілік, іс-әрекеттік (практика);
- оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру тәсілдері бойынша: іс-тәжірибеде білім, білік, дағдыларды қалыптастыру әдістері, жаңа білім алу тексеру және бағалау әдістері.

1. Пассивті (енжар) әдіс – бұл оқытушы негізгі әрекет етуші және сабақ барысын басқарушы тұлға болып табылатын білім алушылар мен оқытушының өзара әрекеттесу формасы. Оқушы оқытудың «объектісі» рөлін атқарады (тыңдау және көру) яғни білім алушылар тек пассивті тыңдаушы болады. Білім алушылар мен оқытушы арасындағы байланыс тек сұрау, бақылау және өзіндік жұмыстар, тестілер арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық технологиялар тұрғысынан бұл ең тиімсіз әдіс болып табылғанымен, оның өзіндік жақсы жақтары да бар [7].



2. Активті (белсенді) әдіс– бұл білім алушылар мен оқытушы сабақ барысында өзара әрекетте болатын және білім алушылар тек пассивті тыңдаушылар емес, сабақтың белсенді қатысушылары болып табылатын өзара әрекеттесу формасы. Яғни оқушы оқытудың «субектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс). Мұнда оқытушы мен білім алушылардың құқықтары бірдей [7].



Оқытудың активті (белсенді) түрі – оқыту мен шығармашылық үшін дидактикалық процесті ұйымдастырудың реттелген, алгоритмделген, жоспарланып қойылған формасы мен әдісімен танымдық мотивтер мен қызығушылықтарды туғызатын ізденушілік, зерттеушілік, нақты проблемалық талаптар қоятын дамытушы әдістерге аяқ басу болып табылады.

Белсенді оқыту әдістерінің артықшылықтары:

біріншіден, олар өздері белсенді, өйткені, негізінен зияткерлік және физикалық тұрғыдан ойындарға жатады;

екіншіден, олар пассивті монологты білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының белсенді ой алмасумен ауыстырады, оқушылар мен үйренушілерді пассивті тыңдаушылар мен «сөйлейтін» «ұйымшыл команданың жігерлі, ынталы, шығармашыл, талапты ойыншылары мен бапкерлеріне (ойнаушы-бапкерлер)» айналдырады;

үшіншіден, бұл әдістерді барлық қол жетімді ауызша және ауызша емес байланыс түрлері қолданады да, дәстүрлі тәсіл кезінде қатысушылардың жасырын әлеуетін жандандырады;

төртіншіден, бойымызда бар барлық ақыл-ойды қолдану нәтижесінде білім, іскерліктер, дағдылар, қасиеттер мен құндылықты бағдарларды меңгеру үдерісі айтарлықтай жанданады.

Әдістердің белсенділігі сонша, олар сабақ, семинар, тренинг тапсырмаларына ғана емес, сонымен қатар релаксация, үзіліс және тіпті мектептен тыс уақытқа да қатысты болады. Ең қызығы, үзіліс кезіндегі қатысушылардың белсенділігі практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды орындау барысына қарағанда жоғары болып жатады.

Белсенді оқыту әдістері – оқушылардың оқу үдерісіне жоғары дәрежеде қатысуын сипаттайтын, қойылған міндеттерді атқаруда олардың танымдық және шығармашылық іс-әрекетін жандандыратын әдістер. Белсенді оқыту әдістерінің айрықша ерекшеліктері:

- ойлаудың мақсатты жандануы, оқушы өз қалауына қарамастан белсенді болуға мәжбүр болады;
- оқушылардың оқу үдерісіне жеткілікті шамада ұзақ уақыт қатысуы, өйткені, олардың белсенділігі қысқа мерзімді не эпизодтық емес, айтарлықтай дәрежеде тұрақты және ұзақ болуы тиіс (яғни бүкіл сабақ бойы);
- үйренушілердің дербес шығармашылық шешімдерді әзірлеуі, жоғары ынта мен эмоция деңгейі;
- интерактивті сипат (ағылшын тілінде interaction –өзара әрекеттесу), яғни оқу іс-әрекеті субъектілерінің (үйренушілер мен мұғалімдер) тікелей және кері байланыс арқылы тұрақты өзара әрекеттесуі, қандай да бір проблеманы шешу жолдары туралы еркін ой алмасу.

Белсенді оқыту әдістерін таңдау барысында бірқатар критерийлерді басшылыққа алуға кеңес беріледі, атап айтсақ:

- оқыту мақсаттары мен міндеттері, қағидаттарына сәйкестігі;
- оқытылатын тақырып мазмұнына сәйкестігі;
- үйренушілердің мүмкіндіктеріне сәйкестігі: жас, психологиялық даму, білім мен тәрбие деңгейі, т.б.
- шарттар мен оқытуға бөлінген уақытқа сәйкестігі;
- мұғалімнің мүмкіндіктеріне сәйкестігі: оның тәжірибесі, ниеттері, кәсіби шеберлік деңгейі, жеке қасиеттері.

Белсенді оқыту әдістерін мұғалім өзі қойған міндеттерге сай таңдайды. Осы міндеттерді топтар бойынша қарастырайық.

Міндеттердің бірінші тобы – тыңдаушыларға оқу қажеттілігін жеткізу. Бұл міндетті атқару үшін, атап айтсақ, бағдарламалық оқыту құралдары мен

әдістерін пайдалану арқылы бастапқы білім деңгейін тексеру (тестілеу) қолданылады. Мұнда тыңдаушы өз білімінің жетіспейтіндігіне көз жеткізуге, ал мұғалім курсты ұсыну бағдарламасын осы контингенттің білім деңгейіне сай нақтылауға мүмкіндік алады.

Міндеттердің еінші тобы оқу материалын ұсыну барысында пайда болады және бұл жерде пәнге деген қызығушылықты тудыру, оқушыларды оқытылатын материалдың тәжірибелік құндылығына сендіру, олардың оқу-танымдық (осы жағдайда ойлау) іс-әрекетін жандандыру маңызды, бұл білімді шығармашылықпен қабылдауға және меңгеруге септігін тигізеді. Бұл үшін проблемалық оқытудың түрлі тәсілдері мен әдістері, case-study, ойын әдістері қолданылады.

Үшінші топтың міндеттеріне зерделенген материалға қатысты сұрақтарды шешу, теріс түсініктер, қате пайымдауларды анықтау және тиісінше оны тәжірибеде бұрыс пайдаланудың алдын алу жатады. Бұл үшін топтық кеңестер, бағдарламалық кеңестер (бағдарламалық оқыту техникасы мен әдістерін қолдану арқылы) ұйымдастырылады.

Міндеттердің төртінші тобының мақсаты - алынған білімді бекіту, оларды тәжірибе жүзінде пайдалану іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру (жетілдіру). Мұнда нақты материалдарды (есептер, жоспарлар, нұсқаулықтар, т.б.) талдау және талқылау, нақты жағдаяттарды талдау, типтік міндеттерді шешу арқылы ең жоғары нәтижеге қол жеткізіледі.

Оқу үдерісінің міндеттерінің бесінші тобы алынған білім мен іскерліктерді тәжірибеде қолдануға қадам жасау, білім беру бағдарламасында қарастырылған құзіреттіліктердің қалыптасу дәрежесін тексеруді білдіреді. Мұндай тиімді әдістерге кейстерді шешу, қорытынды іскерлік ойындар өткізу жатады.

Аталған оқыту әдістерін іріктеу жүйелілігі олардың әрқайсысының, бір жағынан, оқу үдерісіндегі белгілі бір міндетті атқаруға мүмкіндік беретіндігі және, екінші жағынан, басқа әдістерді толықтыратындығына негізделеді.

Белсенді оқыту әдісінің нақты түрін таңдай отырып, оның мүмкіндіктерімен қатар оны әзірлеу және қолдану барысында туындайтын ұйымдастырушылық және мазмұндық қиындықтарды, сонымен қатар оқу үдерісінің жүзеге асырылу шарттарын да ескеру қажет.

Белсенді оқыту әдістерінің түрін таңдауды дәйектеу мақсатында олардың кейбіреулерін, атап айтсақ, географияны оқыту кезінде ең көп қолданылатын әдістерді әзірлеу және қолдану ерекшеліктерін қарастырайық.

Презентация – мүдделі аудиторияға жаңа не аз танымал ақпарат, өнім не қызметті ұсыну. Белсенді оқыту әдістерін қолдану түпмәтініндегі презентация технологиясы жобалық шешімді ұсыну және қорғау формасы болып табылады. Бұл технология ақпарат жеткізу дағдылары, жұртшылық алдында сөйлеу, сендіру техникасы, аудитория сұрақтарына жауап беру іскерлігін меңгеруге және қиын жағдайлардан шығуға көмектеседі. Қажетті талаптар: уақыт тәртібін қадағалау, материалдың мазмұндылығы, көрнекі ұсынылуы (таратылатын материал, Power Point презентациясы), сөйлеу стилі.

Оқу мақсаты: 8-сынып. 9.3.3.3 - Қазақстанның су ресурстарына

экономикалық баға береді.

Келесі тақырыптар бойынша презентация дайындау

- «Қазақстанның су ресурстарын пайдалану»
- «Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға береу: (+) және (-)»
- Қазақстанның су ресурстарын пайдаланудағы жетістіктер.

8-сынып. Оқу мақсаты: 8.3.3.3 -өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді.

«Қазақстанның ірі өзендері» слайд-презентация көрсетіледі, тақырыпқа қысқаша түсінік беріледі	Презентациядағы көрген өзендерін оқулықтағы суреттермен салыстыра отырып зерттейді, алдынан білетін білімдерімен байланыстырады, талқылайды, бір-біріне сұрақ қоя отырып түсінеді. Оқушылар түсті қағаздарға жазылған сұрақтарға жауап береді. Оқушылар өткен сабақ тақырыбына байланысты сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа тақырып айлы ой қозғайды.

Кейс – оқушылардың талдауы, шешуі және бағалауы үшін мұғалім арнайы ұсынатын өндірістік не экономикалық жағдаят түрі. Кейс-стади–өзбетінше ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін мәселелі сипаттағы сұрақтарды топпен талдау [8].

Кейстер белгілі бір ерекшеліктерге ие:

1. Кейс негізінде әдетте шынайы не мұғалім арнайы ұсынатын нақты жағдаят жатады, оның материалы арнайы зерттеулердің нәтижелері, статистикалық есеп формалары және басқа да қосымша ақпаратпен бекітіледі.

2. Анық білдірілген сұрақтардың болуы кейске тән не сай емес; кейсті талдау барысында ненің басты болып, бірінші кезекте талдауды талап ететіндігі әрқашан айқын емес; басты проблеманы анықтау кейсті талдау және шешім табуда ең маңызды және қиын кезеңдердің бірі болып табылады.

3. Кейстің анық бір шешімі болмауы мүмкін. Кейс негізінде жататын нақты жағдаят оңтайлы шешімге қандай да бір деңгейде жақын көптеген шешімдерді білдіруі мүмкін.

4. Жалпы қабылданған мағынада шешім шығару мүмкін болмаған кезде проблеманы анықтау және ашу, оны талдау және қалыптасқан жағдайда әрекет жасау тәртібін анықтауды шешім ретінде санауға болады.

Кейс ұғымы ағылшынның «case» сөзінен алынған яғни жағдай дегенді білдіреді. Немесе оны нақты жағдаятты талдау әдісі деп те атайды. Оның мәні де қарапайым оқытуды ұйымдастыруда нақты жағдаят қолданылады. Бұл әдіс оқытушы тарапынан шығармашылықты талап етеді және оның ой-өрісінің бейнесі көрініс табады.

Яғни екі тараптанда ой, шығармашылық еркіндік көрініс табады. Кейс – әдісі білім алушылардың оқуға қызығушылқтарын арттырады ол өз кезегінде болашақ маман ретінде тұлғаның дамуын қалыптасуына ықпал етеді.

Кейс әдісі – нарықтық экономикада және әлеуметтік жағдайларды суреттеу арқылы, оқу барысында қолданылатын оқыту техникасы деп түсінуге негіз бар. Жағдай (кейс) деп – ұжымдағы, қоғамдағы қандай да бір нақты шынайы жағдайдың жазбаша берілуді айтуға болады. Мысалы, кәсіпорынның құрылуы, оның дамуы, бизнестегі табыстары мен қиыншылықтары, т.б. Білім алушылар ұсынылған жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, шешу жолдарын

көрсетуді және олардың ішінен ең тиімдісін таңдап алулары тиіс. Осы талдау барысында білім алушылар, өздерінің алған білімдерін ұтымды пайдалана алады. Ал ұстаздың міндеті, осы кейс әдісін қолдану барысында, оқушылардың белсенділігін бақылап, барлығының қатысуын қадағалауы керек. Сонымен қатар, білім алушылардың талдауына берілетін кейстің түсінікті және пән тақырыптарына сай болуы өте маңызды. Кейс әдісі, оқытудың басқа технологияларына қарағанда күрделі жүйе. Кейс әдісін қолдану барысында оқытушының іс - әрекеті екі кезеңнен тұрады.

1. Кейс (жағдай) таңдап алу және сұрақтар құрауға арналған шығармашылық жұмыс: - жағдайларды тақырыпқа сәйкес таңдап алу; - мақсат пен міндетті анықтау; - жағдайды құрастыру және суреттеу.

2. Оқытушының іс - әрекеті. Сыныпта кейс әдісін қолдану кезеңі: - кейске кіріспе; - жағдайдың талдануы (шағын топтарда); - пікірталас; - қортынды шығару. Экономикалық пәндерді оқыту барысында сабақтың мазмұнына, психолгиялық ерекшеліктеріне қараудың маңызы өте зор.

CASE STUDY әдісі бойынша қалыптасатын дағдылар:

1. Аналитикалық дағдылар. Оларға: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпаратарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б жатқызуға болады. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз CASE-пен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. *Коммуникативті дағдылар.* Оған: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қатысушылардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа қажетті ақпараттар мен құралдарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа нақты есеп даярлау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Мұнда мәселені талқылау барысында CASE-те нақты: адамдардың өзін - өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін-өзі ұстау және т.б. сынды әлеуметтік дағдылар қалыптасады.

6. Өзіндік саралау. Яғни, пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Мұнда, туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру талап етіледі.

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар, оқудағы оқу, білім және

ізденіс мазмұнын біріктіру арқылы оқытушының кәсіптік құзыреттілігін жоғарылатудың нақты тәсілдерінің бірі.

Бұл әдістің тиімділігі, ол басқа оқу әдістерімен оңай байланысады.

Кейс-әдісте қолданылатын негізгі ұғымдар «жағдай» және «анализ», сонымен қоса олардан туатын – «жағдайды талдау» ұғымдары болып табылады.

Оқытуды ұйымдастыру әдістері жүйесіндегі кейс әдісі:

Кейс әдісінің маңызды ерекшелігі, оның басқа әр түрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлесуі болып табылады. Кестеде кейспен жұмысты ұйымдастыруда әр түрлі әдістермен үйлесу мүмкіндіктері берілген.

Кейс-әдісімен үйлескен әдіс	**Оның кейс - әдістегі ролінің сипаты**
Үлгілеу	Жағдайдың үлгісін құру
Жүйелі талдау	Жүйелік ұсыныс және жағдайды талдау
Ойша тәжірибе	Жағдай туралы білімді ойша түрлендіру арқылы алу тәсілі.
Сипаттау әдістері	Жағдайдың сипатын құру
Проблемалық әдіс	Жағдайдың негізінде жатқан түйінді мәселені ұсыну.
Жіктеу әдісі	Жағдайды құрастыратын қасиеттер, тараптардың реттелген тізімін құру.
Ойын әдістері	Жағдай кейіпкерлерінің жүріс-тұрысының нұсқаларын ұсыну.
«Миға шабуыл»	Жағдайға қатысты ойларды генерациялау.
Пікірталас	Түйінді мәселе және оны шешу жолдары жайлы көзқарастармен алмасу.

Жаңартылған мазмұндағы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаты: 8.3.3.5 құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеу, шешу жолдарын ұсыну (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)

Оқушылар құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктейді, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде) Мысалы: Арал теңізінің экологиялық проблемасы. Оқушылар «Кейс-стади» әдісін пайдаланып, мәтінмен жұмыс жасайды.

Проблемалық лекция оқушылардың дербес шығармашылық жұмысы бақылау сұрақтары, қарастырылатын материалды талқылау және басқа да тәсілдер шынымен қамтылған жағдайда пайдалы болады. Оқушыларды әртүрлі деңгейде қатыстыра отырып, оқу проблемаларын қалыптастыру және шешу проблемалық лекцияның айқындаушы нышаны болып табылады.

Талқылауға арналған сұрақтар мен тақырыптар тізімінің (және олардың мерзімдік тәртібі) болуын; лекция барысында қарастырылатын материалды көрнекі бейнелейтін фактографикалық деректердің болуын, т.б. Бұндай жолды шешу үшін әртүрлі білім көздерін қосымша материалдар, оқулық мазмұнын, карта, сурет пайдаланылады. Проблемалық ситуация оқушының ақыл-ой әрекетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, онда салыстыру, іздестіру

тәсілдерін пайдалануды қажет етеді. География сабағын өтуде салыстыру тәсілдерін қолдану бірінші жолға қойылады.

Ойын технологиялары:

- іскерлік ойындар, бір сабақтың немесе бірнеше сабақтың уақытын алуы мүмкін;
- дидактикалық ойындар;
- логикалық ойындар;
- рөлдік ойындар;
- ойын тапсырмаларын қолдана отырып оқу процесін ойын түрінде ұйымдастыру (жарыс-сабақ, конкурс-сабақ, саяхат-сабақ, КВН-сабақ);
- ойынды сабақтың белгілі бір кезеңінде қолдану;
- әртүрлі сыныптан тыс іс-шаралар.

Алайда ойын технологиясын сабаққа енгізбестен бұрын мыналарды анықтап алу қажет:

✓ қандай оқу материалын ойын технологиясын қолдана отырып меңгерген мақсатқа сай болады;

✓ ойынды пайдалану үшін оқушылар құрамы қандай болуы тиіс;

✓ ойынды оқытудың басқа тәсілдерімен қалай байланыстыруға болады;

✓ ойынды пайдалану үшін оқу жоспарынан уақытты қалай табу керек;

✓ нақты бір оқу тақырыбы үшін қандай ойын технологиясын қолданған тиімді болады.

Іскерлік ойын - бұл туындаған проблемаларды зерттеу және шешу мақсатында шартты жағдаяттардағы әлеуметтік-экономикалық жүйелер мен адамдардың кәсіби іс-әрекетін басқару үдерісіне еліктеуші модельдеу.

Дидактикалық ойындар - шығармашылық кәсіби ойды дамыту құралы, оның барысында адам ерекше жағдаяттарды талдау және өзіне таңсық кәсіби міндеттерді атқару қабілетіне ие болады [9].

Іскерлік ойын нақты бір өндіріс шарттарын, жұмыс істеушілердің (мамандар) іс-әрекеті мен қатынастарын бейнелейді. Оған қатысушылар бірінші орынға ойын мақсатын емес, танымдық мақсатты қоюы тиіс. Қатысушылардың ойын ережелерін орындауы және кәсіби нормаларды ұстануы – әркімге берілген роль аясындағы дербес және ортақ қабылданған шешімдер үшін қажетті алғышарт. Қатысушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, проблемалық жағдаяттарды тудырады, ойнайды және шешеді. Іскерлік ойынның міндетті белгілері:

- әлеуметтік-экономикалық не әлеуметтік-психологиялық жүйені басқаруда проблеманың болуы;
- бүкіл ойын ұжымында ортақ мақсаттардың болуы;
- әртүрлі рольдердің болуы және осыған сәйкес осы рольдерді орындайтын қатысушылардың мүдделерінің айырмашылығы (қарама-қайшылығы);
- жүйені толық нысандандырудың мүмкін еместігі, жағдайдың тұрлаусыздығы, көптеген факторлардың ықтималдық сипатын ескеру және осының нәтижесінде қарастырылатын үдерістің ойындық еліктеу моделінің болуы;

•шынайы не шартты уақыт факторының болуы;

•жағдайдың өзгеру қарқындылығы және өткен уақыт сәттеріндегі оқушылардың шешімдеріне тәуелді болып, кейінгі уақыттағы жағдайды өзгертуге әсер ететін кері байланыстың болуы, яғни «шешімдер тізбегінің» болуы;

• ойын іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау жүйесінің болуы;

• ойын ұжымының іс-әрекеттегі ортақ мақсаты, ортақ нәтижесіне қол жеткізуде әрбір қатысушының жеке үлесіне әділ баға беретін қатысушыларды ынталандыру жүйесінің болуы;

• шешімдердің көп баламалылығы;

• іскерлік ойынды ең аз көлемде міндетті қажетті және жеткілікті құжаттамамен қамтамасыз ету;

•басқарылатын эмоциялық зейіннің болуы.

Олардың тиімді қолданылу саласы айтарлықтай кең: оқу іс-әрекетінен бастап шынайы іс-әрекетте басқарушы шешімдерді эксперименталдық апробациялауға дейін. Іскерлік ойындарды өткізудің негізгі мақсаты – шынайы өмірге жақын шарттарда шешім қабылдау тәжірибесін беру.

Рольдерді ойнау –келесі негізгі нышандар арқылы сипатталатын ойындық оқыту әдісі:

• кәсіби іс-әрекет саласында проблема не міндеттің болуы және оны шешуге қатысушылар арасында рольдерді бөлу (мысалы: рольдерді ойнау әдісі арқылы өндірістік жиынды ойнауға болады);

• ойын сабағына қатысушылардың әдетте талқылау жүргізу арқылы өзара әрекеттесуі. Әрбір қатысушы талқылау барысында басқа қатысушылардың пікірімен келісуі не келіспеуі мүмкін;

• сабақ барысында мұғалімнің түзетуші шарттарды енгізуі. Мысалы: мұғалім талқылауды тоқтатып, қойылған міндетті шешуде ескерілуі қажет кейбір жаңа мәліметтерді жеткізуіне, талқылауды басқа арнаға бағыттауына, т.б. болады;

•мұғалімнің талқылау нәтижелерін бағалауы және қорытынды жасауы.

Нақты жағдаяттарды талдау танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың ең тиімді және кең таралған әдістерінің бірі болып табылады және нақты жағдай мен практикалық шешім қабылдау барысында туындаған жағдаяттың тыңдаушылар тарапынан талдануын талап етеді.

Көбіне география сабағында ойын жаттығулары аукцион - конкурсы; жобалар конкурсы; сөзжұмбақтар конкурсы; марафон конкурсы; әртүрлі географиялық викториналар, зерделілер сайысы өткізіледі.

Еліктеу жаттығуы жағдаяттық әдіске тән белгілерге ұқсас нышандармен сипатталады. Еліктеу жаттығуының ерекше белгісі – проблеманың мұғалімге (алайда оқушыларға емес) алдын-ала белгілі дұрыс не ең жақсы (оңтайлы) шешімінің болуы. Сондықтан еліктеу жаттығуы case study әдісіне қарағанда қарапайымдау болады, ал нәтижесі белгілі бір мағынада бағдарламаланған.

Көбінесе мұнда сабақтарға дайындалу және өткізу барысында ұзақ мерзімді және терең зерттеулер не жобалау-құрастыру жұмыстарының қажеті

жоқ, сабақтардың өздері салыстырмалы түрде қысқа және қалыпты кестеге оңай сыйғызылады. Еліктеу жаттығуының мысалы – қандай да бір заң ережелері, ережелер, әдістер, нұсқаулықтар туралы білімді тексеру, мысалы: төтенше жағдай орын алған жағдайдағы әрекеттер, мемлекеттік және муниципалдық басқару органдарындағы азаматтардың өтініштерімен жұмыс, бухгалтерлік, статистикалық есеп формаларын толтыру, т.б. Проблемалық лекцияның әдістемелік жасақтамасына жатқызуға болады.

Жағдаят – бұл іс жүзінде орын алған қандай да бір құбылысты айқындайтын фактілер мен деректердің жиынтығы. Бұл жағдайда басқару саласына тән кез-келген жағдаят талдау мен оқыту нысаны бола алады. Жағдаяттың талдау материалынан бөлек шешуді талап ететін проблемалардан да тұратын жағдайы болады.Бұл әдіске келесі негізгі белгілер тән:

- берілген уақыт сәтіне арналған нақты жағдаяттың болуы;
- сайысушы топтармен не жеке тұлғалармен жағдаяттарды шешу жолдарын әзірлеу;
- алдын-алаықтимал рецензиялау арқылы жағдаяттарды шешудің әзірленген нұсқаларын талқылау, оларды бұқаралық қорғау, т.б.;
- сабақ жүргізетін мұғалімнің қорытынды жасауы және нәтижелерді бағалауы. Жағдаятты талдау және шешу қарастыру әдісі арқылы жүзеге асырылады.

Нақты жағдаяттар әдісінің аталған нышандары оны тиімді қолдану саласын айқындайды. Әдетте статикалық жағдайдағы жеке ұйымдастырушылық, экономикалық не басқарушылық міндет қарастырылған жағдайларда аса орынды болатыны анық. Ықтимал шешу жолдары сандық не сарапшылық тұрғыдан бағалануы мүмкін, бұл аяғында олардың арасындағы ең орындыларын қабылдауға мүмкіндік береді. Әдетте ең жақсы жолы алдын-ала бекітілген дұрыс және айқын шешім болмайды, сабаққа қатысушылар ұсынған материалдарды ескере отырып, жетекші тарапынан қалыптасады.

Оқу үдерісіндегі міндеттеріне қарай жағдаяттардың төрт түрін ажыратамыз: *проблемалық жағдаят, бағалау жағдаяты, иллюстраицялы жағдаят, жаттығу жағдаяты*.

Проблемалық жағдаят шынайы өмірдегі факторлардың белгілі бір үйлесімін білдіреді. Қатысушылар шешім табуға тырысатын не шешімнің мүмкін еместігі туралы тұжырымға келетін басты тұлғалар болып табылады.

Бағалау жағдаяты шығу жолы айтарлықтай дәрежеде табылған жағдайды сипаттайды. Сонымен қатар бұрын қабылданған шешімдерге сыни талдау жүргізіледі. Болған оқиғаға қатысты себепті қорытынды жасалады. Тыңдаушылардың ұстанымы – іс жүзінде бейтарап бақылаушының көзқарасы.

Иллюстрациялы жағдаят негізгі тақырыпқа қатысы бар және мұғалім ұсынған қандай да бір күрделі рәсім не жағдаятты білдіреді. Ол пайымдаудағы дербестікті аз деңгейде ынталандырады. Бұлар – ұсынылатын мәнді түсіндіретін мысалдар, алайда оларға қатысты сұрақ не келісім білдіруге болады, онда иллюстрациялы жағдаят бағалау жағдаятына ауысады.

Жаттығу жағдаяты бұрын қабылданған қағидаларды қарастырады және қойылған мәселелердің айқын және даусыз шешімдерін талап етеді. Жаттығу жағдаяттары зерттелетін мәселеге қатысты деректерді өңдеу не табудағы оқушылардың белгілі дағдыларын (іскерліктерін) дамытуы мүмкін. Жаттығу жағдаяттары негізінен машықтану сипатында болады, тәжірибе жинақтауға көмектеседі [10].

Нақты жағдаяттарды талдау бойынша бірнеше жұмыс әдістері белгілі:

- сабақ жетекшісі ұсынған және қатысушыларға алдын-ала зерттелген нақты жағдаятты рольмен ойнау. Мұндай сабақ проблемалық жағдаятты рольдік ойынға айналдыруы мүмкін;
- мұғалім ұсынған нақты жағдаятты ауызша не жазбаша ұжымдық талқылау. Бұл нақты жағдаяттың мәтіні шағын болып, оқушы оны жеңіл қабылдай алатын болса, мүмкін болады.

4. Интерактивті оқыту әдісі. Интерактивті («inter» –өзара, «act» – әрекет жасау) біреумен өзара әрекеттесу, әңгіме, диалог режимінде болу дегенді білдіреді. Басқаша айтсақ, белсенді әдістерге қарағанда интерактивті әдістер оқушылардың мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен кеңінен өзара әрекеттесуіне және оқыту үдерісінде оқушылардың белсенділігінің басымдылығына бағытталады. Интерактивті сабақтардағы мұғалімнің орны оқушылардың іс-әрекетін сабақ мақсаттарына жету үшін бағыттаумен шектеледі. Сонымен қатар мұғалім сабақ жоспарын (әдетте бұл – интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар, оларды орындау барысында оқушы материалды зерделейді).

Тиісінше оқушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар интерактивті сабақтардың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Интерактивті жаттығулардың маңызды ерекшелігі –*оларды орындай отырып, оқушылар бұрын оқылған материалды бекітіп қана қоймайды, жаңа материалды меңгереді*.



Оқушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар интерактивті тәсілдердің тірегі болып табылады. Интерактивті жаттығулардың негізгі ерекшелігі – олар *бұрын оқылған материалды бекітуге ғана емес, жаңа материалды меңгеруге* бағытталады.

Интерактивті өзара әрекеттің басты белгілері:

Плюрализм. Бұл – қарастырылатын кез-келген проблемаға қатысты педагогикалық үдерістің әрбір қатысушысының жеке көзқарасының болу мүмкіндігі.

- Диалог. Педагог пен оқушылар арасындағы қарым-қатынас диалогы олардың бірін-бірі тыңдау және есту, бір-біріне көңіл бөлу, проблемаға қатысты өз көзқарасын, міндетті шешуде өз жолын қалыптастыру іскерліктерін талап етеді.
- Ойлау іс-әрекеті. Ол педагог пен оқушылардың белсенді ойлау іс-әрекетін ұйымдастыруда жатыр. Педагогтың оқушылардың санасына дайын білімді көшіруі емес, олардың дербес танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру.
- Мағыналы шығармашылық. Бұл – оқушылар мен педагогтың зерттелетін проблемаға қатысты өздері үшін жаңа мағынаны саналы түрде қалыптастыру үдерісі. Бұл – өмір құбылыстары мен заттарына деген жеке көзқарасын білдіру.
- Таңдау еркіндігі.
- Табыс жағдаятын қалыптастыру. Табыс жағдаятын қалыптастыру үшін басты шарттар – оқушыларды оң және оңтайлы бағалау.
- Рефлексия. Педагогикалық үдеріске қатысушылардың өз іс-әрекетін, өзара әрекеттесуін өзіндік талдауы, бағалауы.
- Сыни ойлау.Сыни ойлау маңызды дағды ретінде оқулықта берілген барлық тапсырмаларда байқалады.
- Кері байланыс ұсыну.

Қазіргі белсенді оқыту әдістері - оқушылардың ойлауын жандандыруға бағытталған, оқу үдерісінің интерактивтілік, ынталандыру және эмоциялық қабылдаудың жоғары дәрежесімен сипатталатын және:

- оқушылардың танымдық және шығармашылық іс-әрекетін жандандырып дамытуға;
- оқу үдерісінің нәтижелілігін жоғарылатуға;
- кәсіби құзіреттіліктерді, әсіресе ұжымдық жұмысты ұйымдастыру және атқаруда қалыптастыру және бағалауға мүмкіндік беретін әдістер.

Заманауи білім беру технологияларының бөлінбес және маңызды құрамдас бөлшегі ретінде белсенді оқыту әдістерін қолдану мұғалімдер мен оқу үдерісін ұйымдастырушыларда арнайы білім мен практикалық тәсілдердің қалыптасу қажеттілігін тудырады, бұл осы басылымның мақсаты болып табылады.

Қазіргі кезде интерактивті әдістердің ауқымы кең, олардың арасындағы келесі тәсілдерді қарастырамыз:

1) *Ми шабуылы не ми қамалы* –проблеманы шешу үшін идеяларды ұжыммен қалыптастыру және оларды конструктивті түрде ойластыру әдісі.

Ми шабуылы барысында проблеманы шешу уақыт тұрғысынан үш кезеңге бөлінеді:

- идеяларды кездейсоқ қалыптастыру сеансы;
- ең үздік идеяларды іріктеу мақсатында ұсынылған идеяларды конструктивті сынға алу және ойластыру сеансы;
- Іріктелген идеялар негізінде шешімдерді жобалау.

Мысалы: Оқу мақсаты: 7.3.5.1 Табиғи кешендердің қалыптасуын түсіндіру, (географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер, ландшафт); *Миға шабуыл:* табиғат қандай компонентерден турады?

Мұғалім орманның, даланың, шөлдін, мұхиттың суреттерін көрсете отырып сол жердегі компонентердің байланысын сұрайды. Оқушылар олардың ерекшеліктерін айтады және табиғи аумақтық кешендер деген ұғымды шығарады.

Оқу мақсаты: 7.5.1.2. Табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдау. *Миға шабуыл:* Тропиктік белдеулерде не себептен орман ресурстары көп таралған? Минералды ресурстар таралу ерекшеліктері қандай?

Оқу мақсаты: 7.1.1.1 -географияның зерттеу нысандарын анықтайды

Миға шабуыл: Тақырыптың мақсатын анықтау барысында төмендегідей сұрақтармен жұмыс жасаймыз. География ғылым ретінде қалай пайда болған? Оқушыларға географиялық фотосуреттер таратылып беріледі

Берілген суреттерді иерархия түрінде орналастырыңдар (ғарыштық, Жер планетасы, географиялық қабық, құрлықтар), оқушылар осы суреттер арқылы кеңістікті иерархия түрінде көрсетеді.

1. Ғаламшарлық зерттеулер нысандары –
2. Аймақтық зерттеу нысаны –
3. Жергілікті тану жұмыстары –

Барлық географиялық нысандар, құбылыстар, процесстер шығу тегіне байланысты нешеге бөлінеді:

Нысанның нақты мекенін анықтаудың маңыздылығы**:** Әр оқушы өзі баратын нысанды таңдап алады. Мысалы: Саванна, Гималай тауы, Рим қаласы.

1. Біз бір жерге сапар мен саяхат жоспарлаған кезде ең алдымен қандай мәліметтер аласыз.

2. Өзіңізге қажетті жерлерге қалай жетесіз және қандай әдістермен?

2) Кластерлер, салыстырмалы диаграмма, пазл

Кластерлер (ағл. Cluster - «жүзімнің шоқтары» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды студенттер оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер оқушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.

Мысалы, Ең алдымен тақтаның ортасындағы дөңгелекке немесе дәптердің ортасына сөз не сөйлем жазу сұралады. Мысалы «Марко Поло» деген сөз. Сосын «ол не істеді?» деген сұрақ тастауға болады. Ол сөзді оң жағына дөңгелекшенің ішіне жазып негізгі сөзбен екеуінің арасын тіке сызықпен қосамыз. Енді біз оқушыларды оның не істегені туралы өз көзқарастарын айтуға шақырамыз. Бұл пікірлерді «ол не істеді» деген дөңгелектің айналасына топтастырып, жаңа дөңгелектерге жазып онымен қосуларын сұраймыз. Егер оқушы «ол саяхатшы болған» десе, «саяхатшы» деген сөз жаңа дөңгелекшеге жазылады. Егер оның саяхаты туралы жаңа мәлімет (қайда барды және т. с. с)

болатын болса, онда ол сөздер «саяхатшы» сөзінен айналып жүретін серік - сөздер болады. Оқушылар кластерді орналастырып болған соң, олардан қай жерде ақпарат аз екенін көрсетуді сұраймыз. Егер олар бір нәрсеге күдіктенсе, сол жерге үлкен сұрақ белгісін қою керек. Содан соң ненің дұрыс болғанын, қай жері дұрыс емес екенін, қандай тұстары анықталды соған көңіл бөлуін сұраймыз. Мұндай кластерді тақырыпты қорытындылау бөлімінде рефлексия түрінде беруге болады, сонда оқушының тақырыпты қалай меңгергендіктері байқалады.

Пазл (ағл. puzzle) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны.

Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

География сабағанда картамен жұмыс жасағанда, теоремаларды, анықтамаларды бекітуде, қайталау сабақтарында қолдануға болады, ол жеке не топтық жұмыс болуы да мүмкін. *Мысалы*, «Тізбектің шегі» тақырыбында дәріс сабағының рефлексия бөлімінде «Пазл» ойынын жүргізуге болады. Білім алушыларға бір тапсырманың өзін үш карточка арқылы беруге болады. 1-ші карточкада – анықтама берілсе; 2-ші карточкада – материктің бейнесі бөлшектеліп; 3-ші карточкада – осы материкті айқындайтын белгілер (мекендейтін жануарлар, ірі өзендерінің атау т.б.) арқылы қысқа жазылуы.

Шығармашылық тапсырма беру кезінде мұғалім сабақ соңында интеллект-карта үлгілерін көрсете алады. Мұндай тапсырма қазақстандық мұғалімдер үшін жеткілікті деңгейде таныс және кәсіби лексикада көбінесе «кластер» ретінде қолданылады. Оқушылардың назарын оқулықтың тиісті параграфында интеллект-карталарды құрастыру жөніндегі нұсқаулар мен графикалық материалдың осы түрінің шартты мысалы берілгеніне аудару қажет.

Интерактивті әдістің негізін интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар құрайды. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың әдеттегілерден басты айырмашылығы олар меңгерілген материалды тек бекітуге ғана емес, жаңаны оқып- үйренуге бағытталған.

Тренинг (ағылш. «to train» - оқыту, жаттықтыру). Егер оқыту интерактивті жүргізілсе, яғни ақпарат ала отырып түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса берілген ақпаратты тез меңгереді және алған білімдерін бекіте отырып, мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

Тренинг жүргізуге қойылатын талаптар:

• оқушылар бір-біріне бетпе-бет отыратындай етіп айналдыра орындықтар қоюға мүмкіндігі бар кең бөлме (бұл жағдайда еркін пікір алмасуға, жаттығулар мен серігу кезеңдерін жүргізуге ыңғайлы болады. Бір-біріне сенімділік артып, қызығушылық танытады, ынталы болады);

• тренингке қатысушылар саны 20-25 адамнан аспауы керек. «бұл сенім атмосферасын туғызатын және барлық қатысушылардың назарын тұрақты аударуға мүмкіндік беретін қатысушылар саны) [9]

• бүкіл тренинг бойында достық көзқарастағы сенімді атмосфераны жасау және қолдау;

• тренингке қатысушыларды марапаттап отыру және барлығының оған қатысуын қадағалау;

• оқытушы-жаттықтырушы өз пікірін ұсынбай-ақ қатысушыларды сабақтың мақсатын орындауға жетелеуі тиіс;

• оқытушы-жаттықтырушы әрбір жаттығудың уақыт шеңберін сақтауы керек;

• тренингтің бірінші сабағында «танысу» жаттығуы өткізіледі және «келісім» (топтық жұмыс ережесі) қабылданады;

• теориялық жадығат пен интерактивті жаттығулардың, серігудің арасында сабақтастық болуы керек;

• кез-келген тренинг сабақ басталарда сол сабақтың мақсаты мен міндеттері айтылады, ал соңында қортындыланады;

• кез-келген тренинг қандай мақсат қойылса да, әрдайым танысу мен жұмыс ережесін жасаудан басталады.

«Даналық ағашы» әдісі:

Ойынның шарты: әр оқушы тақырып бойынша бір сұрақтан жазып сандықшаға салады, әр оқушы бір бірден алып жауап беру тиіс

«INSERT» әдісі тақырыпты оқып, белгілер қою: «v» - бұрын білгені, «+» бүгінгі білгені, «?» - қызық болғаны (ұнағаны), «!» - мәтіндегі түсінбегені бойынша белгілер қояды [11].

Белгі қойып оқу (INSERT-*Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі*) – жаңа мәліметті игерудің интербелсенді тәсілі. Оқушы сабақты тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

бірінші («қанатша») бағанға оқушы сабақта кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушы осы сабақта өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы сабақта келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Сабақтын әр бөлігінен кейін оқушылар өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық түрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады [11].

Мысалы, тақырыбы бойынша оқушылар келесі түрдегі кестені толтырады:

v	**+**	**-**	**мен**
«Бұрынан білемін»	**«Жаңа ақпарат»**	**«Менің ойлағаныма қайшы, кереғар»**	**«Қайда қолдана аламын»**

Инфографика. Мәтін мен графиканың кез-келген тіркесімін, ақпарат, деректер мен білімді жеткізудің графикалық тәсілін инфографика деп атауға болады. Күрделі ақпаратты жылдам және анық ұсыну қажет болған кезде қолданылады. Алайда инфографиканы пайдаланып қана қоймай, құру да керек – бұл кез-келген істе табыс үшін пайдалы.

Инфографика ерекшеліктері: ұсынылатын ақпаратпен ассоциативті жағынан байланысқан не ұсынылатын деректердегі өзгеріс бағыттарының графикалық бейнесі болып табылатын графикалық нысандар, көрнекі көрсетілім, тақырыпты анық және ойластырып ұсыну.

Инфографика табысының құрамдас бөліктері: тартымды, түсінікті тақырып, байсалды, әдемі, тиімді дизайн, сандар толық мағлұмат бере алады, ішкі тұтастық, эмоционалды түстер, сапалы диаграммалар, масштаб таңдау, қызықты фактілерді таңдау, визуализация, қарапайымдылық, дерек көздерінің беделділігі және дәйектілігі.

Инфографиканың кейбір категориялары:

- Суреттегі сандар: сандық деректерді анағұрлым түсінікті етуге мүмкіндік беретін ең кең тараған категория,
- Кеңейтілген тізім: статистикалық деректер, уақыт желісі, қарапайым фактілер жиынтығы бейнеленуі мүмкін,
- Үдеріс және перспектива: күрделі үдерісті бейнелеу не кейбір перспективаны ұсыну үшін қолданылады. Сандық деректерден құрылмауы да мүмкін [12].

Бейнелеу тәсіліне қарай инфографика келесі түрлерге бөлінеді:

- Статикалық инфографика – анимация элементтері жоқ жеке суреттер;
- Динамикалық инфографика – анимацияланған элементтері бар инфографика. Бейнеинфографика, анимацияланған суреттер, презентациялар динамикалық инфографиканың негізгі ішкі түрлері болып табылады.

Мысалы: Елдердің типологиясы. Геосаясат. Әлемдік өркениеттер. Саяси қатынастар және халықаралық ұйымдар

Топпен жұмыс. Осы параграфтың тақырыпшалары бойынша инфографика құрыңдар. Әр топ бір тақырыпшаны таңдайды: «Қазіргі әлем елдерінің типологиясы»; «Әлемдік өркениеттер»; «Геосаясат және геосаяси жағдай»; «Саяси география және саяси қатынастар»; «Халықаралық ұйымдар».

Инфографика түсіндіру арқылы бүкіл сыныпқа ұсынылуы тиіс. Өз инфографикаларыңның презентациясы барысында негізгі назарды тақырыптың ашылуына аударыңдар.

Инфографиканы қалай құрастыруға болады?

Әдетте жазатын тақырыппен байланысты жақсы бір идея туралы ойланыңдар. Қызықты фактілер мен статистика іздестіріңдер. Нақты және маңызды дәйектер дайындаңдар. Қорытынды жасаңдар.

Өз деректеріңді ұсынудың ең сәйкес келетін форматын ойластырыңдар. Инфографика көп түрлі форматтарда болады, сондықтан өз статистикаларыңды қалай көрсеткілерің келетінін ойластырыңдар: бұл уақыт шкаласы, қозғалмалы

сызба, түсініктемелері бар карта, график, диаграмма, қандай да бір құбылыстарды көлемі және құндылығына қарай салғастыру болуы мүмкін.

Негізгі тұстарды жылдам жеткізуді мақсат етіп қойыңдар. Жеңілдетіңдер! Бір суретте тым көп ақпарат ұсынбаңдар.

Сай келетін және назар аудартатын түс тәсімін анықтап алыңдар.

Инфографикаларыңдағы фактілер арасындағы байланысты анықтаңдар.

Инфографиканы табысты құрудың үш басты сатысы бар:

1) қандай ақпарат түрінің ұсынылатынын анық түсіну: кеңістік, хронологиялық, сандық не аралас комбинациялар;

2) ақпараттың тиісті бейнесін біртұтас, яғни карталар, сызбалар бен диаграммалар жиынтығынан үлкен түрінде түсіну;

3) қажетті презентация типін таңдап алу – статикалық, динамикалық не интерактивті.

Ойлан, жұптас, пікірлес – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл.

Тақтада сұрақ/тапсырма/есеп жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен орындағанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл аудиторияға жариялауын сұрауға болады. Бұл тәсілді қорытынды сабақта қолданған тиімді.

«Футбол» ойыны Қақпашы (сұрақтарға жауап береді).Қорғаушы 2-3адам (жауаптарды дайындайды). Шабуылдаушы (сұрақтар қояды)

«Кезбе тілші» әдісі

Нұсқау:

1-топ: телефон соғылып жатқан ұқсатып, тәулік бойы орын алған оқиғалар туралы хабарлайды.

2-топ: телестудиядағы диктор; жиынтық ақпарат береді

3-топ: тілші; оқиға орнынан ақпарат ұсынады

4-топ: тілші сұхбат алатын куәгер

«Диірмен» әдісі әр топ тақырып бойынша негізгісін қағазға түсіреді, бір-бірмен ауысады, екінші топтың жұмысын толықтырады.

8.6.1.2 Елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыру;	**(М)**Мемлекеттердің әр түрлі басқару формасы бойынша суреттер ұсынады. **(Ж)** Оқушылар мемлекеттің басқару жүйелері (президеттік, парламеттік, монархия, контституциялық монархия, абсолюттік монархия, теократиялық монархия) және мемлекеттік құрылымының (унитарлы, федерация, конфедерация) түрлерінің анықтамалары беріледі, оқушылар оларды сәйкестендіреді Оқушылар әр басқару формасына талдау жасай отырып, ерекшелігін анықтайды. **(Ж)** Қазақстан және Ресей Федерациясы мысалында елдердің мемлекеттік құрылымына салыстырмалы талдау жасайды. **(Д)** Әр оқушы таңдауы бойынша бір мемлекеттің басқару формасы мен мемлекеттік құрылымына инфографика жасайды

Қайтадан өз жұмысын алып, қайталанғанын сызады.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: План және карта. Сабақ тақырыбы. «План» және «шартты белгілер» ұғымы.

Жергілікті жердің планы, шартты белгілер бойынша анықтайды.

Әңгіме бойынша шартты белгілерді пайдаланып, сызбаны құрастырыңдар.

Біз әжем екеуміз (қаладан) _____ шығып, (тас жол) _____ мен жүріп, (өзендегі ағаш көпір) _____ ден өттік. (Көл мен батпақты) _____ айналып, (аралас орман)_____ жанындағы жар бойымен_____ (үйіне) бардық. Әжем сонда қалды. Біз Серік екеуіміз 1 шақырым (шалғындағы соқпақ жол) _____ мен (жеміс бағына) _____ барып, алма жинадық .

1. 1-суретте Алматы қаласының картасы

Эстафета ойыны топ мүшелері тақырыпқа сәйкес жарысады. Мысалы, екі бағанға мемлекеттердің атын жазып

«Фишбоун» - балық қанқасы әдісі. Балықтың басы – проблемалық сұрақ, сүйектері – шығу жолдары, құйрығы – қорытынды. Мысалы, ғаламдық жылыну(проблема). **«Фишбоун» әдісі бойынша жұмыс жүргізу. «Оқытуға әсер ететін факторлар»** үлестірме таратылады. «Фишбоун» сызбасы арқылы оқытудағы кедергілер мен шешу жолдарын, содан шыққан шешімді бейнелейді. Өздеріңіздің сабақтарыңызды көз алдарыңызға келтіріңіз. Сабақта тып-тыныш және керісінше шулап отыратын балалар болады. Ендеше, сіздерге топта мына сұрақтарды талқылауларыңызды сұраймын [12].

- Әлеуметтік деңгейде кездесетін кедергілер.
- Эмоциялық деңгейде кездесетін кедергілер.
- Зияткерлік деңгейде кездесетін кедергілер.

«Алты телпек» әдісі. Ақ телпек: Фактілер, ақпарат, сұрақтар.

Қызыл телпек: эмоциялар, сезу, сезімдер.

Сары телпек: артықшылықтарды іздестіреді. Не себептен осыны істеу керек? Артықшылықтары қандай?

Қара телпек: қауіптілік танытады. Бұл көмектеседі ме? Қандай қателер бар? Кемшіліктері қандай? Бұл идея жүзеге аса алады ма?

Жасыл телпек: Жаңа идеялар туындап, шығармашылық бастауын алады.

Көк телпек: ұйымдастыру және басқарумен байланысты. Неге қол жеткіздік? Болашақта не істеу керек?

8-сынып. Тақырыбы: Алаптар бойынша ірі өзендерге сипаттама.

Мағынаны тану (20 мин)	
«Алты телпек» әдісі арқылы мәтінді оқушыларға бөліп беру және талдау жасауларына ықпал ету.	Оқиды, ойлайды, әр топ өз міндеттері аясында ойларын ортаға салып пікір алмасады, ойларын қорытады, постерге түсіріп, қорғайды.
Топтар бойынша деңгейлік тапсырмалар 1) өзендердің және көлдердің аттарын бағанға бөліп жазу; 2) сөйлемдерді толықтыру; 3) алаптар бойынша ірі өзендерді кескін картаға түсіру.	Еліміз аумағындағы өзендер мен көл аттарын бөлек бағана етіп жазу, сөйлемдерді толықтырып жазу, ірі өзендерді кескін картаға түсіру, қорғау.
Әр топ жеке, жұппен және топпен орындайды. *Әр топ жеке қорғайды*	Қорғау кезінде айтылған мәліметтерді орындарында отырған оқушылар дәптерлеріне түртіп алады.

«Ақ телпек» - алап бойынша бір ірі өзенге сипаттама бере отырып, өзеннің статистикалық деректеріне көп мән беруі керек. СТАТИСТИКАЛЫҚ.

«Сары телпек» - алап бойынша ірі өзенге сипаттама бере отырып, оның тіршілікке пайдалы жақтарын баса көрсетуі керек. СӘТТІЛІК.

«Көк телпек» - алап бойынша ірі өзенге сипаттама бере отырып, өзен суының біз үшін не қажеті бар, не үшін пайдалануымызға болады, ол өзен болмаса не болар еді? деген сұрақтарға жауап беру керек. АНАЛИТИКАЛЫҚ.

«Қызыл телпек» - алап бойынша ірі өзенге сипаттама бере отырып, бұл өзен болмағанда не болушы еді? Табиғат, жануар, өсімдік дүниесі қандай өзгеріске ұшырар еді?- деген сұрақтарға жауап беру керек. СЕЗІМТАЛ.

Оқушылардың жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеруі процесіндегі пайдаланылған сыни тұрғыдан ойлау стратегияларының бірі – «Алты телпек» стратегиясы. Әрбір топ-бастарындағы киіп отырған телпек түсіне байланысты өздерінің орындайтын міндеттері болады. Мәтінді меңгергенде топ сол міндеттерге мән беруі керек және жұмысын қорғағанда оны дәлелдер келтіріп түсіндіруі қажет. (Жоғарыда әр телпектің міндеті жеке көрсетілген).

Есіл, Каспий, Теңгіз, Нұра, Іле, Шағалалытеңіз, Ертіс, Марқакөл, Жайық, Балқаш, Сырдария, Арал, Сасыққөл, Зайсан, Жем, Сағыз, Бурабай, Жасылкөл, Қорғалжың, Тобыл, Шу, Ойыл, Қаратал, Лепсі, Алакөл, Есіккөлі, Үлкен Алматыкөлі, Ор, Жаңадария.

Бұл тапсырмада оқушыларға жоғарыда көрсетілген өзендер мен көлдерді бөлек бағандарға қатесіз бөліп тізуі қажет. Өткен тақырыппен жаңа тақырыпты байланыстыра отырып, оқушылардың есте сақтау, номенклатура жаттау қабілеттерін нығайтады.

1. Қазақстан өзендері ... алабына және ... алаптарға жататын өзендер.
2. Еліміз аумағында ірілі-ұсақты ... өзен бар.
3. Қазақстан аумағында ұзындығы ... км-ден асатын ... өзен бар.
4. Олар: ..., ..., ..., ..., ..., ..., ... өзендері.
5. Ертіс өзені ... мемлекеті аумағында ... өзеніне қосылып барып ... мұхитына құяды.
6. Ертіс өзенінің бойында ..., ..., ... ірі СЭС орналасқан.
7. Жайық өзені ... тауынан басталып, ... теңізіне құяды.
8. Сырдария өзені ... тауларынан бастауын алады, еліміз аумағындағы ұзындығы ... км.

«Сөйлемдерді толықтыр» тапсырмасы да жаңа тақырыпты бекітуге бағытталған. Бұл тапсырманың мақсаты еліміз аумағындағы өзендердің негізгі және статистикалық анықтамаларын жаттап, есте сақтауларына ықпал ету және күнделікті өмірде қажет болғанда пайдалана білуге дағдыландыру.

«Бағалау парағында» топ басшысына сабақтың бас кезінде таратылып берілген парақтарды сабақ барысында толтырып отырып, соңында оқып шығады. Бұл әдіс оқушыларды өзін-өзі, сыныптастарын әділ бағалауға дағдыландырады. Өз іс-әрекетіне сын көзбен қарауға, кейінгі сабақтарда белсенділік көрсету қажет екендігін оқушы өздігінен түсінеді. Оқушылардың бағалауы, сабақ барысында мұғалімнің формативті бағалауы жиынтықталып, суммативті баға қорытындалады.

Семантикалық карта

Табиғат зонасы	**Колибри**	**Кебрачо**	**Пуна белдеуі**	**Ла-Плата жазығы**	**Пума**	**Сельвас**	**Гуанако**	**Гевея**	**Кампос**	**Гаруана**	**Кактус**	**Парагвай шайы**
Ылғалды ормандар												
Ауыспалы ормандар												
Саванналар												
Дала												
Шөлейт												
Шөл												
Биіктік зоналық												

Венн диаграмма. Ұқсастықтары мен айырмашылықты анықтау. Мысалы, «Солтүстік Қазақстан қалалары» тақырыбы бойынша.

Теорияны «Талдау» үшін 1. Салыстыру, айырмашылығы неде? 3.Ұқсастығы неде? 4.Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады	**Қостанай Петропавл**  Тақырыптың басты идеясын жаз. Ұқсастығы: *Солтүстік* Қазақстан *қалалары.* Ерекшеліктері: 1. Астана – ел орда. Ірі өндірістік, ғылыми және мәдени орталық. 2.Петропавл қазіргі кезде маңызды өндірістік, мәдени орталық әрі ірі көлік торабы. 3. Қостанай - ірі өнеркәсіп және мәдени орталық. 4. Көкшетау- Васильков кен – байыту комбинаты. 5. Павлодар - ірі мәдени және ғылыми орталық.

Синквейн (ағл. cinquain) – бес жолдан тұратын тақпақ. Мұнда оқушыға оқу материалын қысқаша түйіндемелеу талап етіледі. Бірінші жолда – синквейннің негізгі мазмұнын құраушы бір негізгі сөз (ұғым); екінші жолда – берілген ұғымды сипаттайтын екі сын есім; үшінші жолда – ұғымның әркетін көрсететін үш етістік; төртінші жолда – автор өз қатысын көрсететін қысқа сөйлем; бесінші жолда – ұғымға қатысты өз сезімін, ассоциясын сипаттайтын бір сөз (көбінесе зат есім).

Мысалы, «Қазақстанның Өзендері» тақырыбын өткеннен кейін синквейн құрауға болады. Ол келесі түрде болуы мүмкін

Өзен
Жазықты, таулы
Ағады, гүрілдейді, тасымалдайды
Өзен – тұщы су көзі
Ағыс

3 Білім мазмұнын жаңарту аясында «География» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі географиялық білім оқушылардың бойында картографиялық сауаттылықты қалыптастыруды, өмірде кездесетін түрлі табиғи, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайлар мен құбылыстарды түсіндіру, бағалау және болжау үшін географиялық білімді пайдалана білуді, қоршаған орта жағдайына бейімделуді қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылар түрлі теориялық және практикалық мәселелерді шешудің, болжам құрастырудың, бақылау жүргізудің, алынған нәтижені бағалаудың және талдаудың және оларды өмірде кездесетін жағдаяттармен салыстырудың ғылыми әдістерін меңгереді.

География қоғамдық және жаратылыстану-ғылыми білімді жинақтайды, сондықтан да «География» оқу пәнінің мазмұны қоғамдық және жаратылыстану пәндерінің, табиғат пен қоғамның өзара байланысы туралы көзқарасты дамытуға қажетті экологиялық, әлеуметтік, тарихи, экономикалық тағы басқа көріністерді, жалпы географиялық ортаны және Жердің түрлі аумақтарын зерделеудің кешенді тәсілін қамтиды.

«География» оқу пәні білім алушылардың тақырыптың мазмұнын меңгеру барысында зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті құрал-жабдықтарды қауіпсіз пайдалану, нәтижені талдау, шешімді ғылыми дәлелдер арқылы ұсыну дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.

«География» оқу пәнін оқыту білім алушылардың бойында ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, жалпы ғылыми әдістерді (бақылау, өлшеу, модельдеу) меңгеру, ғылыми білімді өмірлік тәжірибеде қолдана білу «Физика», «Химия», «Биология», «Математика», «Тарих» және басқа пәндермен пәнаралық байланысқа негізделеді.

География сабақтарында өлкетану компонентін:

– жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

– әлеуметтік-мәдени және табиғи нысандарға саяхат жасауды ұйымдастыру барысында жүзеге асыруға болады.

Географиялық білім жергілікті және ғаламдық деңгейлерді қамтитын көптеген геосаяси, саяси, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипатқа ие проблемалардың шешімін, географиялық заңдылықтарды түсінуге көмектеседі.

Қазіргі заманның талабы – шығармашылықпен өз бетінше жұмыс істейтін, өзгермелі өмірде бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, құзіретті тұлға тәрбиелеу.

Осыған байланысты білім алушылардың бірін бірі түсініп, ұжымдық қарым-қатынас орнатып, өзара бірігіп іс-әрекет жасауларын бағалаудың жаңа түрі – критериалды бағалау болып табылады.

Критериалды бағалау – бұл білім алушылардың оқу және дүниетанымдық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін нақты анықталған, бір-біріне

сәйкес келетін білімнің мазмұны мен мақсаты, сонымен қатар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін алдын ала анықталған критерийлер.

Критерийлер – пәннен нақты тақырыпты меңгеру барысында білім алушылардың орындайтын іс-әрекеттері, яғни оқу мақсатын жүзеге асыруға арналған өлшемдер.

Критерийлер көрсеткіштер арқылы шешімін табады, әр нақты тапсырмаға арналған бағалау критерийлері берілген оқу тапсырмасын орындаудың нәтижесі қандай болуы керек екенін дәл көрсетеді, ал кез келген көрсеткіш бойынша бағалау – бұл қойылған мақсатқа оқушының қаншалықты жеткендігінің анықтамасы. Критерий – нәтижені бағалаудың қойылған талаптарға сәйкестігі бойынша шешім қабылдаудың белгісі, негіздемесі, ережесі.

Білім алушыларды мектепте оқытудың сапасын арттыру және мектеп түлектерінің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру – критериалды бағалауды енгізудің мақсаты болып табылады. Критериалды бағалау жүйесі білім алушыларды әділ бағалау проблемасын шешуі және оларды неғұрлым жоғары жетістіктерге жетуге жетелеуі тиіс. Бағалау жүйесі:

– оқу материалы мен практикалық дағдылардың қаншалықты табысты меңгерілгені және қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік беруі тиіс;

– білім алушылардың өз жетістіктерін өздерінің бағалауына ынталандыру және дамыту механизмі қалыптасуы тиіс;

– мұғалім, білім алушы, ата-ана және мектеп ұжымы арасындағы үздіксіз қарым-қатынасты қарастыруы және қамтамасыз етуі тиіс;

– нақты бір сыныпқа бірдей қолдануға арналуы тиіс;

– білім алушының психологиясына байқап ұқыпты қарауды, психологиясын жаралайтын, зақым келтіретін жағдаяттардан қашық болуды қамтамасыз ететіндей құрылуы тиіс.

Критериалды бағалау жүйесінің артықшылықтары:

– оқу пәнінің мақсаттарына сәйкес келеді және әділ бағалауды арттыруға мүмкіндік тудырады;

– жетістік деңгейлері нақты құрастырылған;

– бағалауды білім процесіне қатысушы білім алушылар, ата-аналар, мұғалімдер үшін бірдей түсінікті етеді;

– өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды;

– білім алушының өз еңбегінің нәтижесіне жауапкершілігін тәрбиелейді;

– білім алуға қызығушылығын арттырады;

– білім алушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау мүмкіндігін жасайды (білім алушылар қорытынды бағаның неден шығатынын көреді).

Білім алушыларға бағаның қайдан шығатыны түсінікті болуы үшін, оларға әр түрлі критерийлер ұсынылады. Осы кезеңнің ең маңызды сәті, білім алушыларға өзін және басқаларды бағалауға мүмкіндік беру болып табылады. Бағалау критерийлерін мұғалім өзі немесе білім алушылармен бірігіп те әзірлеуі мүмкін: бұл оқытудың осы кезеңінде білім алушылардың меңгеруі тиіс стандарты болып табылады. Критерий дегеніміз – бұл білім алушылардың

білуі, түсінуі, өзгертуі, дәлелдеуі тиіс фактілер, ұғымдар мен дәлелдер. Критериалды бағалау жүйесі бір оқушыны басқа оқушымен салыстыру жағдайы болдырмайды, бағалаудың қосымша мүмкіндіктері пайда болады, сонымен қатар білім алушылар өз жетістіктерін бір немесе басқа критерийлер бойынша жетілдіру мүмкіндігі болады.

Жекелеген жұмыстарды бағалай отырып, мұғалім білім алушының назарын қорытынды баға қойылған жалпы жұмыстың бір немесе басқа құрамдас бөлігінен қол жеткізген жетістігіне аудартады. Критериалды бағалау әдісі білім алушының оқу әрекетіне қызығушылығын арттырудың және тұлғалық тәсілдің ықпалды құралы болып табылады. Бағалау жүйесінің аталған технологиясын енгізу барысында әр білім алушы дамудың нақты деңгейіне қол жеткізе алады, себебі бұл технология оқушының алға басуына және өзін-өзі танытуына бағытталған [13].

Критериалды бағалаудың жүйесі:

– сабақтың әр бөлігіндегі дайындық деңгейін;

– пәннің оқу бағдарламасындағы мақсаттарын орындау қабілетін анықтауға;

– тұлғаның даму жетістігін бақылауға;

– білімді меңгеру барысында жіберген қателіктерін анықтауға;

– өзі орындаған жұмысқа берілген бағаның әділдігіне көз жеткізуіне;

– білімді меңгеруі туралы мұғалім – оқушы, мұғалім – ата-ана арасындағы байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалаудың білім алушылар үшін де, мұғалімдер және ата-аналар үшін де маңызы бар. Мысалы,

білім алушылар:

– өздерінің танымдық және ойлау қабілеттерінің деңгейін арттыру үшін оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану;

– жаңа білімді меңгеру барысында табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсіну;

– сын тұрғысынан ойлау, өз ойын еркін айту, білімін көпшілік алдында көрсету (ұсыну), өзін-өзі және сыныптастарын бағалау арқылы кері байланыс орнату мүмкіндігіне ие болады;

– өзбетінше жаңа білім алу, оқу әрекетін ұйымдастыру, мақсат қою, жоспарлау, өзін-өзі бақылау және өз әрекетінің нәтижесін бағалау, өз әрекетінің болуы мүмкін нәтижелерін алдын-ала болжау дағдыларын меңгереді;

– бастапқы фактілер мен болжамдарды, теориялық модельдер мен нақты нысандарды түсіндіру үшін, олардың арасындағы айырмашылықты түсіну мүмкіндігіне ие болады;

– белгілі фактілерді түсіндіру және ұсынылған болжамды эксперименттік жолмен тексеру, процестер мен құбылыстардың теориялық модельдерін әзірлеу үшін болжамдар мысалында ыңғайлы оқу әрекетін меңгеру;

– қабылдау, өңдеу және ақпаратты сөз, образдық, белгілік түрлерде беру, алынған ақпаратты қойылған мақсатқа сәйкес талдау және қайта өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

– оқыған мәтіннің негізгі мазмұнын белгілеу, қойылған сұраққа мәтіннен жауап табу және мәтіннің мазмұнын баяндау;

– танымдық мақсаттарды жүзеге асыру үшін ақпараттың жаңа технологияларын, өз бетінше іздеу, талдау және іріктеп алу үшін түрлі ақпарат көздерін пайдалану;

– монологтік және диалогтік сөйлеуді дамыту, өз ойын жеткізу және сұхбаттаушысын тыңдай білу білігі, оның көзқарасын түсіну, басқа адамның ойларын қабылдау мүмкіндігі;

– ерекше жағдаяттарда қажет болатын әрекет түрлерін, проблемаларды шешу әдістерін және эвристикалық әдістерді меңгеру;

– әлеуметтік түрлі рөлдерді орындау арқылы топта жұмыс істеу білігін қалыптастыру, оқыту және өз көзқарасын және пікірін қорғау, пікірталас жүргізу [14].

Мұғалімдер:

– оқытудың сапалы нәтижесіне жеткізетін критерийлер құрастыру;

– білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, әр оқушыға арналған критерийлер немесе тапсырма түрлерін жоспарлау;

– бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалану;

– білім алушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланыс орнату мүмкіндігі.

Ата-аналар:

– өз баласының білім жетістіктерін бақылау;

– білім сапасының және нәтижесінің сапасымен танысу;

– оқуына қолдау көрсету бағытын білу мүмкіндігі.

Мұғалім критериалды бағалау жүйесін қолдану үшін сыныптағы білім алушылардың дайындық деңгейін және ерекшеліктерін ескере отырып, пәннің оқу мақсаттарына сәйкес «білу және түсіну», «қолдану», «сыни ойлау және зерттеу», «коммуникация және рефлексия» және т.б. критерийлері бойынша дескрипторлар әзірлеуі тиіс. Әр критерий оқушының тапсырманы орындауын жүйелі бағалануына мүмкіндік беретін дескрипторлардан тұрады, сонымен қатар білім алушылар осы дескрипторларға сүйене отырып өз жұмысының нәтижесін бағалай алады.

«География» оқу пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып бағалау критерийлері мен дескрипторларының үлгісін ұсынамыз (34-кесте)

34-кесте – «География» оқу пәнінің бағалау критерийлері мен дескрипторларының жалпы мазмұны

Ойлау әрекетінің деңгейлері	Дескрипторлар	Бағалау критерийлері
Білу және түсіну	Негізгі орта білім беру деңгейінің «География» оқу	- Жердің формасы мен өлшемдерін;

	пәнінің бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келетін нақты фактілерді, терминдерді, ақпараттарды, анықтамаларды, сипаттамаларды білу және түсіндіру. Алынған ақпаратқа талдау, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу	- «полюс», «экватор», «бастапқы меридиан», «тропик», «поляр шеңбері», «карта», «шартты белгілер», «масштаб» т.б. ұғымдарды; - Жердің құрылысын; - рельефтің негізгі формаларын; - Дүниежүзілік мұхиттың бөліктерін; - құрлық суларының түрлерін; - ауа райы өзгерістерінің себептерін; - климаттың түрлерін; - желдердің түрлерін және олардың пайда болу себептерін; - мұхит сулары қозғалысың түрлерін; бағдарламада қарастырылған географиялық нысандарды біледі және түсіндіреді
Түсіндіру	Түрлі дереккөздерінен алынған географиялық ақпаратты дұрыс түсіндіру	- географиялық ақпараттарды түсінеде және түсіндіреді
Қолдану	Алдыңғы сыныптарда және басқа пәндерден алынған ақпараттарды, білімдерді және дағдыларды күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда, сабақ барысында оқу мақсаттарына жетуде пайдалану	оқу және тәжірибеге бағытталған міндеттерді шешу үшін географиялық ақпарат көздерін: - карталарды; - глобустарды; - тұсбағдарды; - жергілікті жердің планын; - анықтамалықтарды; әр түрлі қосымша әдебиетті т.б. практикалық жұмыс орындау, диаграммалар, кестелер құру, кескін картамен жұмыс істеу, географиялық есептер шығару, жобалар жасау барысында қолданады
Сыни ойлау	Тұрмыста және қоршаған	- өзінің және жанындағы

және зерттеу	ортада денсаулық пен экологиялық тәртіп нормаларын сақтау үшін күнделікті өмірдегі географиялық құбылыстар туралы ақпаратты талдауды, бағалауды, зерттеуді жүзеге асыру. Білім көзінен алған талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету	адамдардың денсаулығын сақтау үшін; - қоршаған ортада экологиялық тәртіп нормаларын сақтау үшін географиялық құбылыстар туралы ақпаратты талдайды, бағалайды, зерттейді; - әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды талдайды; әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарға сын тұрғысынан баға береді
Талдау	Зерттелетін үдерістің құрамдас бөліктерін талдау арқылы ақпарат немесе нәтижелер алу және оны түсіндіру	- табиғат құбылыстарын және табиғат нысандарын; - географиялық зерттеулердің кезеңдерін; - тақырыптық карталарды ; - аумақтарының табиғат жағдайын, ресурстарын, шаруашылығын және т.б.
Синтез	Модель құру үшін алған білімдерін біртұтас біріктіру, нақты үдерістерді сипаттайтын модельдерді түсіндіру; дереккөздерден шығатын ой-пікірлерді қалыптастыру	

Математикалық сауаттылық	Әртүрлі пәндерде, мәнмәтінде және күнделікті жағдайларда сандарды, есептеулерді, графиктерді, кестелерді және басқа да математикалық тұжырымдамаларды қолдану	- жергілікті жердің планынан, топографиялық картадан, қаланың және елді мекендердің сызбанұсқаларынан өлшеуіш ресурстарды табады және қолданады; - өзі тұрған елді мекеннен тура сызық арқылы ең жақын және ең алыс мұхитқа дейінгі т.б. нысандарға дейінгі қашықтықты анықтайды; практикалық жұмыстар орындау барысында математикалық есептеулердің барлық түрлерін жүзеге асырады
Коммуникация және рефлексия	Пәннің әр сыныптағы көлеміне байланысты оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсына білу. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың пікірлерін, көзқарасын қабылдай отырып, өз пікірлерін, көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау	
Бағалау	Ақпараттардың, тәсілдердің, қорытындылардың, нәтижелердің тиімділігі немесе анықтылығы туралы шешім шығару; қолайлы әдіс-тәсілдерді және стратегияларды таңдай білу	

Төмендегі кестелерде жалпы білім беретін мектептердің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша оқу жылы барысында оқылатын тақырыптарды зерделеу барысында жүзеге асырылуы тиіс мақсаттарды *бағалаудың критерийлерінің үлгілері* берілген (35-кесте)

35-кесте – Бағалау критерийлерінің үлгілері. 7-сынып

1-бөлім. Географияның зерттеу тәсілдері. Зерттеу және зерттеушілер бөлімшесі	
Географияның зерттеу нысандары	
Бағалау критерийлері	- географияның зерттеу нысандарын анықтайды; - физикалық және экономикалық география нысандарын ажыратады;

	- тапсырманың мағынасын түсінеді және түсіндіреді, тапсырманы орындау үшін өз білімін қолдана алады; - зерттеу нысандарына салыстырмалы талдау жасай алады
География ғылымының дамуы	
Бағалау критерийлері	- білімдерін қолдану арқылы география ғылымының даму кезеңдерін бөліп көрсетеді; - саяхатшылардың ашқан жаңа жерлері туралы айтады; - саяхатшылардың ашқан жаңа жерлеріне сипаттама береді; - картаның және басқа да дереккөздердің көмегімен саяхатшылардың жүрген жолдарын анықтайды және талдайды; - зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттайды және бағалайды; - саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесі туралы өз пікірін дәлелдейді; - тақырып бойынша қойылған нақты сұраққа жауап береді. Мысалы: Саяхатшылар мен зерттеушілердің орындаған жұмыстарының нәтижесін қайдан көруге болады? Қай саяхатшының, зерттеушінің зерттеу нәтижелері осы күнге дейін өзектілігін жойған жоқ? Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін қалай бағалауға болады?
Географиялық дерек көздері	
Бағалау критерийлері	- тапсырманы орындау үшін географиялық ақпараттың түрлі дереккөздерін қолданады; - карталардың мазмұнын және масштабын анықтайды; - атластағы карталардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды; - мәтіннен тапсырмаға қатысты ақпаратты табады; - карталардан қажетті ақпаратты тауып сипаттайды; - қажетті графикалық материалдарды қолданады; - берілген суреттерден қажетті ақпаратты табады; - оқулық мәтінін, картаны басқа да дереккөздерін қолдану арқылы ұсынылған кестені толтырады
Географиялық тәжірибелер	
Бағалау критерийлері	- географиялық нысандардың қасиеттерін анықтауға арналған тәжірибелер жүргізеді
Далалық зерттеулер әдістері	
Бағалау критерийлері	- далалық зерттеудің жоспарын құрады; - географиялық зерттеу әдістерін қолданады; - зерттеудің нәтижесі бойынша деректерді тіркейді; - зерттеу нәтижесінде алынған деректерді өңдейді; - зерттеу нәтижесінде алынған деректерді талдайды;

	- алынған деректер бойынша диаграмма жасайды; - зерттеу нәтижесін қорытындылайды
Географияда графикалық әдістердің қолданылуы	
Бағалау критерийлері	- географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін диаграмма, профиль, график түрінде көрсетеді;
2-бөлім. Картография және географиялық деректер базасы. «Географиялық карталар» және «Географиялық деректер базасы» бөлімшелері	
Географиялық картосхемаларды қолдану	
Бағалау критерийлері	- тақырып бойынша картосхемаларды жасайды; - құрастырылатын карта-сызбаның тақырыбын өз бетінше анықтайды; - тақырып бойынша карта-сызбада көрсетілетін ақпаратты дереккөздерден жинақтайды; - карта-сызбада ақпаратты шартты белгілермен белгілейді; - құрастырған карта-сызбасын түсіндіреді, қорытынды жасайды; - білім алушы өзі құрастырған карта-сызбаны мұғалім ұсынған дайын сызбалармен салыстырады
Географиялық номенклатура	
Бағалау критерийлері	- материктер мен мұхиттардың номенклатурасы ұғымын біледі; - географиялық нысандарды картадан анықтайды; - географиялық нысандарды картадан көрсетеді; - географиялық нысандардың координаталарын картадан анықтайды; - географиялық нысандарды топтастырады. Мысалы: материктін шеткі нүктелері; шектесетін мұхиттары, теңіздері, шығанақтары, бұғаздары; таулары (биік шыңдары); жазықтары және тағы басқа;
Географиялық деректерді ұйымдастыру	
Бағалау критерийлері	- географиялық номенклатура нысандарын топтастырады және кесте түрінде көрсетеді
3-бөлім. Физикалық география. «Литосфера» бөлімшесі	
Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы	
Бағалау критерийлері	- «литосфера», «мантия», «ядро» ұғымдарын біледі; - литосфераның құрылысын сызба түрінде көрсетеді; - «минерал», «магмалық тау жыныстары», «шөгінді тау жыныстары», «метаморфтық тау жыныстары» ұғымдарының мағынасын біледі; - магмалық, шөгінді, метаморфтық тау жыныстарының пайда болу жолын сипаттайды; - әртүрлі дереккөздерді қолданумен литосфераның заттық құрамын анықтайды;

	- оқулықтың, басқа да дереккөздердің көмегімен жер қыртысына сипаттама береді; - жер қыртысын зерттеудің заманауи әдістерін біледі
Жердің тектоникалық құрылысы	
Бағалау критерийлері	- «платформа», «геосинклиналь», «қалқан», «риф» ұғымдарын біледі; - литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды; - арнайы картаның көмегімен материктердегі ежелгі платформаларды анықтайды; - қазіргі кезде де жер қыртысы қозғалысының болатынын дәлелдейді
Литосфераның тектоникалық қозғалыстары	
Бағалау критерийлері	- негізгі литосфералық плиталардың атауларын біледі; - дереккөздердің көмегімен тектоника ғылымының зерттеу саласын анықтайды; - Жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын (дрейф, коллизия, субдукция, спрединг) талдайды
Литосфералық катаклизмдер	
Бағалау критерийлері	- түрлі дереккөздердің көмегімен табиғи апаттардың түрлерін анықтайды; - апаттардың себеп-салдарын түсіндіреді - литосфералық катаклизмдер барысында өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіреді; - табиғи апаттар барысында өзін өзі ұстау ережелерін әзірлейді; - Қазақстанның сейсмикалық белдеуінің орналасуын біледі және картадан көрсетеді; - аталған географиялық нысандарды кескін картаға түсіреді
«Атмосфера» бөлімшесі	
Атмосфера және оның құрамдас бөліктері	
Бағалау критерийлері	- атмосфераның құрамдас бөліктерін біледі; - атмосфераның маңызын сипаттайды; - атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелейді, түсіндіреді; - берілген деректерді қолдана отырып есептер шығарады
Ауа райы және метеорологиялық элементтер	
Бағалау критерийлері	- «ауа райы» ұғымын өз сөзімен түсіндіреді; - ауа температурасының өзгеру себептерін түсіндіреді; - ауа райы өгерісі туралы білудің (адамның өмірі, іс-әрекеті үшін) маңыздылығын сипаттайды; - метеорологиялық құбылыстарды зерттеудің маңыздылығын анықтайды (температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық);

	- орташа тәуліктік температураны шығарады; - ауа температурасының тәуліктік өзгерісін график түрінде көрсетеді; - дайын сызбадан ауа температурасының өзгерісін және тәуліктік амплитудасын анықтайды; - атмосфералық қысымның қалыптасуын сипаттайды; - желдің пайда болу себептерін түсіндіреді; - жел өрнегін салады; - Қазақстан аумағындағы желдерді біледі; - түрлі ақпарат көздерінің деректерін, оқулық мәтінін пайдаланып муссонға және бризге тән заңдылықтарды сипаттайды; - берілген деректердің көмегімен салыстырмалы ылғалдылықты анықтайды; - «изотерма», «изобар», «амплитуда», «атмосфералық қысым» ұғымдарын түсіндіреді; - құралдардың көмегімен ауаның температурасын, желдің бағытын, ылғалдылықты өлшейді - «атмосфера» тақырыбына қатысты түрлі есептер шығарады
Қолайсыз атмосфералық құбылыстар	
Бағалау критерийлері	- қолайсыз атмосфералық құбылыстарды анықтайды және өз ойын дәлелдейді; - қолайсыз атмосфералық құбылыстарға талдау жасайды; - қолайсыз атмосфералық құбылыстардан сақтану шараларын ұсынады; - жергілікті жерде болатын қолайсыз құбылыстардан сақтану шараларын ұсынады
«Гидросфера» бөлімшесі	
Гидросфера және оның құрамдас бөлігі	
Бағалау критерийлері	- «гидросфера» ұғымын біледі; - гидросфераның құрамдас бөліктерін сипаттайды; - табиғаттағы су айналымын сызба түрінде көрсетеді; - табиғаттағы су айналымы барысында болатын процестерді түсіндіреді; - «су тіршілік көзі» ұғымын дәлелдейді; - сабақ барысында аталған географиялық нысандарды картадан көрсетеді
Су ресурстарының маңыздылығы	
Бағалау критерийлері	- судың қасиеттерін анықтауға арналған тәжірибелер жүргізеді; - адам өмірінде, іс-әрекетінде судың маңызы туралы өз ойын дәлелдейді; - судың тұрмыстық қажеттілікте пайдаланылуына талдау жасайды;

	- су туралы айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіреді
Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы	
Бағалау критерийлері	- Дүниежүзілік мұхиттың құрамдас бөліктерін атайды; - мұхиттардың оның құрамдас бөліктерінің географиялық жағдайын сипаттаудың өзіндік үлгісін ұсынады; - «Дүниежүзілік мұхит», «теңіз», «бұғаз», «арал», «түбек» ұғымдарын тұжырымдайды; - сабақ барысында аталған географиялық нысандарды кескін картаға белгілейді
Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері	
Бағалау критерийлері	- Дүниежүзілік мұхит суының қасиеттерін біледі; - «мұхит ғаламшардың жылыту жүйесі» ұғымын дәлелдейді; - мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтайды; - Күн сәулелерінің мұхит суына әсерін түсіндіреді; - эксперимент жүргізу арқылы тұзды су мен тұщы судың тығыздығын анықтайды;
Мұхит суларының қозғалыстары	
Бағалау критерийлері	- мұхит суының қозғалыстарын жіктейді; - мұхит суының қозғалыстарын түсіндіреді; - картаның көмегімен ағыстардың түрлерін анықтайды; - толысу және қайту құбылыстарын сипаттайды; - ең күшті толысу және қайту құбылыстарының айына екі рет болу себебін түсіндіреді; - толысу және қайту құбылыстарының маңызы мен кері әсерін анықтайды; - кескін картаға ағыстарды белгілейді
Мұхиттармен байланысты апаттар	
Бағалау критерийлері	- мұхиттар мен теңіздерге қатысты апаттарды топтастырады; - мұхиттар мен теңзідерде болатын апаттардан сақтану жолдарын ұсынады; - «цунами» ұғымын біледі, түсіндіреді; - цунами жиі болатын аймақтарды картадан көрсетеді; - цунами жиі болатын аймақтарды кескін картаға белгілейді
Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары	
Бағалау критерийлері	- мұхиттар мен теңіздердің проблемаларын топтастырады; - Дүниежүзілік мұхит суларын ластаушы көздерді анықтайды, өз ойын дәлелдейді; - картадан мұнай өндірілетін (Дүниежүзілік мұхиттағы) жерлерді көрсетеді; - Дүниежүзілік мұхит проблемаларын шешу жолдарын ұсынады; - жоспар бойынша бір елдің су ресурстарына сипаттама береді

«Биосфера» бөлімшесі	
Биосфера және оның құрамдас бөліктері	
Бағалау критерийлері	- «биосфера» ұғымын біледі; - тіршілік үшін литосфераның, атмосфераның, гидросфераның рөлін түсіндіреді; - биосфераның төменгі және жоғарғы қабаттарын анықтайды және дәлелдейді; - биосфераның Жердің басқа қабықтарынан ерекшеліктерін анықтайды; - биосферада Жердің басқа қабаттарының бірі болмаса қандай өзгеріс болатынын түсіндіреді; - Жер қабықтарының өзара байланысын дәлелдейді
Топырақ және оның құрамы мен құрылымы	
Бағалау критерийлері	- «топырақ», «құнарлы», «гумус», «топырақ түзуші факторлар», «топырақтың құрамы» ұғымдарын біледі; - топырақ түзуші факторлардың рөлін түсіндіреді; - топырақ қабаттарын сипаттайды
Қазақстанның топырақ түрлері	
Бағалау критерийлері	- Қазақстан топырақтарының түрлерін біледі; - карталардың көмегімен дүние жүзінің әр түрлі аумақтарындағы және Қазақстан аймағындағы топырақтың түрлерін анықтайды; - Қазақстан аймағындағы топырақтың таралуына байланысты ауыл шаруашылығының түрлерін анықтайды; - топыраққа зерттеу жүргізіп жоспар бойынша қорытынды жасайды; - топырақ картасын оқиды; - жергілікті жердің топырағының құнарлылығына баға береді
Топырақтың экологиялық проблемалары	
Бағалау критерийлері	- «топырақ эрозиясы», «топырақ мелиорациясы» ұғымдарын түсіндіреді; - топырақты сақтаудың (топырақ эрозиясын болдырмаудың) өзіндік шараларын ұсынады; - жергілікті жердің топырақ қабатының бұзылу себептерін анықтайды; - топта, сыныпта топырақ мәселелері туралы сұрақтарды талқылайды; - топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктейді
«Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшесі	
Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы	
Бағалау критерийлері	- табиғат кешенінің құрамдас бөліктерін біледі; - құрамдас бөліктердің арасындағы байланысты түсіндіреді; - адамның табиғи-аумақтық кешендерге тигізетін әсерін анықтайды және дәлелдейді;

	- жергілікті жердің табиғат кешендерінің түрлерін анықтайды; - табиғат кешені компоненттерінің өзара байланысының өзіндік сызбасын ұсынады
Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері	
Бағалау критерийлері	- «табиғат зоналары» ұғымын түсіндіреді; - картаның және ақпарат дереккөздерінің көмегімен табиғат зоналарының орналасу ерекшеліктерін анықтайды; - Қазақстанның және Еуразияның табиғат зоналары эндемик жануарларын анықтайды; - табиғат зоналарының қалыптасуына климаттың әсерін түсіндіреді; - табиғат зоналарындағы табиғат компоненттерінің өзара байланысын анықтайды; - табиғат зоналарын салыстырмалы сипаттайды; - Қазақстанды «Ұлы дала елі» деп атаудың өзіндік себебін ұсынады
4-бөлім. «Әлеуметтік география». «Халықтар географиясы» бөлімшесі	
Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары	
Бағалау критерийлері	- дүниежүзі халқықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсінеді; - түрлі суреттердің көмегімен ұлт өкілдерін белгілері бойынша анықтайды; - Қазақстандық тілдік әулеттерді біледі; - Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарының статистикалық деректерді талдайды; - географиялық дереккөз материалдарын, түрлі диаграммаларды пайдаланып ең көп тараған тілді анықтайды; - картадан тілдердің таралу аймақтарын көрсетеді; - халықтардың орналасу себептерін түсіндіреді
Дүниежүзі халқының діни құрамы	
Бағалау критерийлері	- дүние жүзі халқының діни құрамын анықтайды; - діндердің таралу аймақтарын анықтайды; - «діндердің таралуы» диаграммасын талдайды; - Қазақстандағы діндерді біледі, - ұсынылған суреттерден дін түрлерін және олардың таралған жерлерін анықтайды; - түрлі діндердің дінбасыларының аталуын анықтайды; - картадан діндердің таралу аймақтарын көрсетеді; - мұғалім ұсынған жоспарға сүйене отырып, әлемдік және ұлттық діндердің ерекшеліктеріне зерттеу жүргізіп, қорытынды жасайды; - әлемдік діндердің орталықтарын анықтайды; - діндердің қазіргі кездегі таралу аймақтарының себептерінің

	өзіндік нұсқасын ұсынады
Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары	
Бағалау критерийлері	- қазіргі кездегі ірі өркениеттерді картадан көрсетеді және кескін картаға шартты белгімен белгілейді; - мәдениеттердің негізгі факторлары кестесін негізге алып, дереккөздердің көмегімен бір өркениетті сипаттайды; - халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени (өркениеттік) аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді; - Қазақстанда өмір сүретін этностардың арақатынасы диаграммасын талдайды
Ұлтаралық және дінаралық келісім	
Бағалау критерийлері	- қазақстандық компонентті қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді; - қазақстандық компонентті қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімді қалыптастырудың жолдарын ұсынады; - бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайту бойынша Қазақстанда істеліп жатқан іс-шараларды анықтайды
5-бөлім. «Экономикалық география» «Табиғи ресурстар» бөлімшесі	
Табиғи ресурстардың жіктелуі	
Бағалау критерийлері	- табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдайды; - табиғи ресурстардың адамның тіршілігі үшін маңызын анықтайды, дәлелдейді; - табиғи ресурстарды пайда болуына, таусылуына, шаруашылықта пайдаланылуына байланысты топтастырады; - жергілікті жердің табиғи ресурстарын атайды; - жергілікті жердің табиғи ресурстарын пайдаланылуына талдау жасайды, өз ойын дәлелдейді; - жергілікті жердің табиғи ресурстарын тиімді пайдаланудың өзіндік жолдарын ұсынады; - картаның көмегімен табиғи ресурстардың таралуын сипаттайды; - табиғи ресурстарды жіктейді; - ресурстардың сарқылатын және сарқылмайтын болып бөлінуінің себебін түсіндіреді; - таңдауы бойынша бір ресурсқа сипаттама береді; - ресурстардың кездесетін жерлерін картадан көрсетеді; - шартты белгілерді пайдаланып кескін картаға пайдалы қазбалардың кен орындарын белгілейді; - статистикалық деректерді пайдаланып пайдалы қазбаның қорына қатысты есептер шығарады; - пайдалы қазбаның қорына қатысты есептердің нәтижесін диаграмма түрінде көрсетеді

Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	
Бағалау критерийлері	- табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды анықтайды; - табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды шешудің жолдарын ұсынады; - табиғи ресурстарды игерудің тиімді және тиімсіз жолдарына мысал келтіреді; - Арал теңізі проблемасына талдау жасайды (проблеманың пайда болу себебін анықтайды); - проблеманы шешу жолын ұсынады және өз ойын дәлелдейді
«Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімшесі	
Көлік инфрақұрылымы	
Бағалау критерийлері	- қазақстандық компонентті қамту арқылы көлік инфрақұрылымының элементтерін сипаттайды; - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылымының маңыздылығына баға береді; - «инфрақұрылым» ұғымын түсінеді; - көлік торабын орналастыруға әсер ететін факторларды анықтайды; - әр түрлі дереккөздерінің мәліметтеріне сүйеніп жүк және жолаушы айналымының құрылымына қатысты диаграмма құрастырады; - пайыздық айырмашылықтарының себептерін анықтайды; - Қазақстанның бір қаласынан екінші қаласына жүк тасудың өзіндік үлгісін ұсынады, өз жобасын қорғайды; - көлік жүйесінің елдің дамуындағы атқаратын рөліне талдау жасайды; - картадан Қазақстанның негізгі автокөлік жолдарын көрсетеді; - кескін картаға Қазақстанның негізгі автокөлік жолдарын түсіреді
Әлеуметтік инфрақұрылым	
Бағалау критерийлері	- қазақстандық компонентті қамту арқылы әлеуметтік инфрақұрылымның элементтерін сипаттайды; - әлеуметтік инфрақұрылымның маңыздылығына баға береді; - «әлеуметтік инфрақұрылым» ұғымын түсінеді; - әлеуметтік инфрақұрылымның елдің дамуындағы рөліне талдау жасайды; - әлеуметтік инфрақұрылым кластерін құрастырады; - әлеуметтік инфрақұрылым салаларының негізгі мақсаттарын түсіндереді; - жергілікті жердің әлеуметтік инфрақұрылым салаларын анықтайды;

<table>
<tr><td></td><td>- жергілікті жерде дамытуға болатын әлеуметтік инфрақұрылым саласы туралы жоба жасайды, өз жобасын қорғайды</td></tr>
<tr><td colspan="2">«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесі</td></tr>
<tr><td colspan="2">Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td>- шаруашылық салаларын жіктейді;
- шаруашылық салаларының маңыздылығын түсіндіреді;
- «экономика» ұғымын түсінеді;
- дүниежүзілік шаруашылық салаларының дамуына әсер ететін факторларды анықтайды;
- картадан дамыған елдерді және олардың астаналарын көрсетеді;
- картадан дамушы елдерді және олардың астаналарын көрсетеді;
- кескін картаға дамыған елдерді және олардың астаналарын белгілейді;
- кескін картаға дамушы елдерді және олардың астаналарын белгілейді;
- дамыған және дамушы елдге салыстырмалы сипаттама береді;
- көлік инфрақұрылымын шаруашылықтың дамуына тигізетін әсерін дәлелдейді;
- жергілікті жердің шаруашылық салаларын жіктейді;
- жергілікті жердің шаруашылық салаларының маңыздылығын дәлелдейді;
- жергілікті жердің ауыл шаруашылық өнімдердің өңдейтін өнеркәсіп орталықтарын анықтайды;
- өзі тұратын жерде дамытуға болатын шаруашылық саласы туралы жоба әзірлейді, жобасын қорғайды;
- табиғат ресурстарының шаруашылық саласының орналасуына әсерін түсіндіреді.
«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары» тақырыбы бойынша келесідей кесте толтыруға болады
<table>
<tr><td>Ежелгі салалар</td><td>Жаңа салалар</td><td>Жас салалар</td></tr>
<tr><td>Кеме жасау</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Мысалы: шаруашылықтың кеме жасау өнеркәсібі бойынша, білім алушы бұл шаруашылық түрін неліктен ежелгі салаға жатқызатынын дәлелдейді, дәлелдеу үшін дереккөздерден ақпарат іздейді. Кеме жасау өнеркәсібі қай ғасырда, қандай елдерде бастау алғаны, қалай дамығаны туралы айтады</td></tr>
<tr><td colspan="2">6-бөлім. «Елтану және саяси география негіздері». «Дүние жүзі елдері» бөлімшесі</td></tr>
</table>

Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы	
Бағалау критерийлері	- елдің «физикалық-географиялық орны» ұғымын түсіндіреді; - елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады; - елдердің физикалық-географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды; - Қазақстанның физикалық-географиялық орнына басқа елдің физикалық-географиялық жағдайымен салыстырмалы талдау жасайды
Елдердің экономикалық географиялық жағдайы	
Бағалау критерийлері	- «экономикалық географиялық жағдайы» ұғымын түсіндіреді; - елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастырады; - елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды; - елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді; - елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасайды; - елдің экономикалық географиялық жағдайының адамдардың өміріне тигізетін әсерін сипаттайды; - қолайлы және қолайсыз экономикалық географиялық жағдайларға мысалдар келтіреді, өз ойын дәлелдейді; - саяси картадан елдерді және олардың астаналарын көрсетеді

36-кесте – 8-сыныпта бағалау критерийлерінің үлгілері

1-бөлім. Географиялық зерттеу әдістері. «Зерттеу және зерттеушілер» бөлімшесі	
География ғылымының салалары	
Бағалау критерийлері	- география ғылымының салаларын біледі; - география ғылымының салаларын графикалық түрде көрсетеді; - география ғылымының салаларына сипаттама береді; - география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтайды
Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері	
Бағалау критерийлері	- географиялық зерттеу әдістерінің түрлерінің (далалық, картографиялық, теориялық) мәнін түсіндіреді; - географиялық зерттеу әдістерін (далалық, картографиялық, теориялық) қолданады; - зерттеудің жоспарын құрады; - зерттеудің нәтижесі бойынша деректерді тіркейді;

	- зерттеу нәтижесінде алынған деректерді өңдейді; - зерттеу нәтижесінде алынған деректерді талдайды; - алынған деректер бойынша диаграмма жасайды; - зерттеу нәтижесін қорытындылайды
Географиялық деректерді өңдеу және талдау	
Бағалау критерийлері	- әр түрлі ақпарат көздерінен географиялық деректерді (табады) жинақтайды; - географиялық деректерді (сандық және сапалық деректер) өңдейді; - географиялық деректерді (сандық және сапалық деректер талдайды; - географиялық деректерді қолданады
Географиялық модельдер	
Бағалау критерийлері	- түрлі материалдардың көмегімен географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің өзіндік модельдерін жасай алады; - өзі жасаған модельдің ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреді; - өзі жасаған модельді көпшілік алдында қорғайды
Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары	
Бағалау критерийлері	- зерттеу нәтижелерін (карта-сызба, диаграмма, кесте, мәтін, сурет т.б.) түрлі формада ұсынады; - зерттеу нәтижелерін ұсыну барысында географиялық терминдерді, академиялық тілді дұрыс пайдаланады; - әр түрлі дереккөздерден жинақталған Қазақстан жерінің ерте кездегі географиялық зерттелуі туралы ақпаратты сипаттайды
2-бөлім. Картография және географиялық деректер базасы. «Географиялық карталар» бөлімшесі	
Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттайтын элементтер	
Бағалау критерийлері	- тақырыптық карталарды ажыратады; - тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді біледі; - тақырыптық карталарды сипаттайтын (профиль, диаграмма, график, кесте) құрастырады
Тақырыптық карталарды оқу	
Бағалау критерийлері	- географиялық шартты белгілерді оқиды (біледі); - географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқиды; - географиялық номенклатура нысандарын кескін картада белгілейді; - географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсетеді;

	- картадан географиялық нысандардың координаталарын анықтайды; - географиялық нысандарды топтастырады; - физикалық картадан Қазақстанның тауларын, өзендерін т.б. географиялық номенклатура нысандарын көрсетеді
«Географиялық деректер базасы» бөлімшесі	
Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі	
Бағалау критерийлері	- ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданып қажетті ақпараттарды табады; - ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданып Қазақстан туралы қажетті ақпараттарды табады; - Қазақстан туралы географиялық деректер базасын құрастырады
3-бөлім. Физикалық география. «Литосфера» бөлімшесі.	
Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары	
Бағалау критерийлері	- жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттейді; - жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын түсіндіреді; - әр түрлі ақпарат көздерін қолдана отырып Қазақстан аумағы жер бедерінің қалыптасу заңдылықтарын зерттейді және түсіндіреді; - Қазақстан аумағының геологиялық даму тарихы мен тектоникалық құрылымын анықтайды, сипаттайды; - карталардың көмегімен Қазақстан аумағындағы платформаларды, қатпарлы облыстарды, тау жыныстарын анықтайды; - тектоникалық құрылымдар, жер бедері пішіндері және пайдалы қазбалардың арасындағы өзара байланысты анықтайды; - жер бедерін қалыптастырушы үдерістерді, олардың байқалуын сипаттайды
Жер бедерінің жіктелуі	
Бағалау критерийлері	- жер бедері түрлерін біледі; - жер бедері түрлерін жіктейді; - жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды; - жер бедері түрлерін сипаттаудың өзіндік жоспарын ұсынады; - Қазақстан жер бедерінің түрлерін және ерекшеліктерін біледі; - Қазақстанның жер бедері түрлерін картадан көрсетеді; - Қазақстанның жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды;

	- Қазақстанның жазықты аумақтарын және тау жүйелерін біледі және жоспар бойынша сипаттайды (физикалық-географиялық жағдайы, түрлері, сыртқы сипаты, биіктігі, тау жыныстарының жасы, тау жыныстарының жату ерекшеліктері, қалыптасу жағдайлары, жоталардың орналасуы)
Материктер мен мұхиттардың ірі орографиялық объектілері	
Бағалау критерийлері	- орография ұғымының мағынасын түсінеді; - материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстырады
Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі	
Бағалау критерийлері	- «тау жыныстары», «минералдар» ұғымдарын түсінеді және түсіндіреді; - тау жыныстарының топтарын ажыратады; - тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді; - Қазақстан аумағындағы тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді (ұсынылған) және сипаттайды
Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуы	
Бағалау критерийлері	- «пайдалы қазбалар» ұғымын түсінеді; - жергілікті жердің тау жыныстары мен минералдарының қалыптасу заңдылықтарын анықтайды; - жергілікті жердің тау жыныстары мен минералдарының қалыптасу заңдылықтарын түсіндіреді; - тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасайды
Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері	
Бағалау критерийлері	- тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерінің түрлерін анықтайды және түсіндіреді; - ұсынылған тау жыныстарының және минералдардың қасиеттерін анықтайды
Тау жыныстарының жасын анықтау	
Бағалау критерийлері	- тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін біледі; - тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіреді; - ұсынылған тау жыныстарының жасын анықтайды
Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте	
Бағалау критерийлері	- «геологиялық жылсанау», «геохронологиялық кесте» ұғымдарын өздігінен талдайды; - «геологиялық жылсанау», «геохронологиялық кесте» ұғымдарын түсіндіреді; - жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі

	кезеңдерді біледі; - жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдер мен геологиялық оқиғаларды ажырата алады; - Қазақстан аумағында жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдерді біледі және сипаттайды
Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері	
Бағалау критерийлері	- жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді
«Атмосфера» бөлімшесі	
Климат түзуші факторлар	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның климат түзуші факторларды анықтайды; - Қазақстанның климат түзуші факторларына талдау жасайды; - жергілікті жердің климатын сипаттайды; - жергілікті жердің климаты мен басқа материктің климатына салыстырмалы сипаттама береді; - Қазақстанның екі аумағының климат көрсеткіштерін салыстырады; - атмосфераның маусымдық циркуляциясының себептерін, ерекшеліктерін сипаттайды
Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы	
Бағалау критерийлері	- «циркуляция» ұғымын түсінеді және түсіндіреді; - атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдайды және түсіндіреді
Климаттық белдеулер	
Бағалау критерийлері	- климаттық белдеулерді біледі; - климаттық белдеулерді картадан көрсетеді; - әр климаттық белдеуге сипаттама береді; - негізгі және өтпелі климаттық белдеулерді атайды және картадан көрсетеді; - Қазақстанның климаттық белдеулерін біледі; - Қазақстанның климаттық белдеулерін картадан көрсетеді; - Қазақстанның климаттық белдеулерін сипаттайды
Материктердің климаттық ерекшеліктері	
Бағалау критерийлері	- әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады; - әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерге ортақ ерекшеліктерді анықтайды; - материктердің климатына сипаттама береді; - климаттық карталарды оқиды; - Қазақстанның климаттық белдеулерінің ерекшеліктерін анықтайды; - әр түрлі ақпарат көздерін қолдана отырып Қазақстанның

	климатына сипаттама береді
Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері	
Бағалау критерийлері	- жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді; - жергілікті климаттың ерекшелігін ескере отырып шаруашылықты дамытудың өзіндік нұсқасын ұсынады
Адамзат әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері	
Бағалау критерийлері	- адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырады; - атмосфера ластайтын заттарды анықтайды; - қоршаған ортаның адам денсаулығына тигізетін әсерін анықтайды; - адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін шешудің өзіндік жолдарын ұсынады; - адамзат әрекетінің жергілікті жердің атмосферасы мен климатына тигізетін кері әсерін топтастырады; - адамзат әрекетінің жергілікті жердің атмосферасы мен климатына тигізетін кері әсерін шешудің өзіндік жолдарын ұсынады
«Гидросфера» бөлімшесі. *Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы*	
Бағалау критерийлері	- құрлық суларының түрлерін біледі; - құрлық суларын топтастырады; - сызбадан өзеннің негізгі бөліктерін атап көрсетеді; - Жердегі ірі өзендерді, көлдерді, сарқырамаларды картадан көрсетеді; - құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды; - Қазақстанның ішкі суларының түрлерін біледі; - Қазақстанның ішкі суларын (ірі көлдер мен өзендер) картадан көрсетеді; - Қазақстанның өзендерінің қоректену түрлерін, ағыстарын, режимінің ерекшеліктерін және өзен алаптарын біледі, түсіндіреді; - жоспар бойынша Қазақстанның ірі өзендерін сипаттайды; - Қазақстан көлдерінің жіктелуін, ерекшеліктерін, олардың аумақ бойынша орналасуын сипаттайды; - жоспар бойынша Қазақстанның ірі көлдерін сипаттайды (географиялық орны, негізгі сипаты, экологиялық жағдайы т.б.); - әр түрлі ақпарат көздерінің көмегімен өзендерді салыстырады
Құрлық суларының шаруашылық маңыздылығы	
Бағалау критерийлері	- құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді;

	- жергілікті жердегі суларды шаруашылықта ұтымды пайдаланудың өзіндік жолдарын ұсынады
Өзен аңғарының құрылысы	
Бағалау критерийлері	- «өзен аңғары» ұғымын сипаттайды; - өзен аңғарының қалыптасуына ықпал ететін жағдайларды анықтайды; - өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді (жергілікті компонентті қамту арқылы)
Өзендердің гидрологиялық режимі	
Бағалау критерийлері	- «өзендердің гидрологиялық режимі» ұғымына сипаттама береді; - қазақстандық компонентті қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіреді
Көлдер мен мұздықтар	
Бағалау критерийлері	- «көл», «мұздық» ұғымдарын түсіндіреді; - көлдердің түрлерін анықтайды; - ірі көлдерді картадан көрсетеді; - Қазақстанның көлдерін картадан көрсетеді; - көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды
Құрлық суларының экологиялық проблемалары	
Бағалау критерийлері	- құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктейді; - жергілікті жердің суларының экологиялық проблемаларын анықтайды; - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын шешу жолдарын ұсынады
Су апаттары	
Бағалау критерийлері	- Жер шарындағы су апаттарының ірі түрлерін анықтайды; - Қазақстандағы су апаттарының түрлерін анықтайды; - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсынады
«Биосфера» бөлімшесі. *Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер*	
Бағалау критерийлері	- «табиғат зоналары», «биіктік белдеулер» ұғымдарын түсіндіреді; - табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді; - картадан табиғат зоналарын көрсетеді
Материктердің табиғи зоналары	
Бағалау критерийлері	- табиғат зоналарын жоспар бойынша сипаттайды; - әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналары мен биіктік белдеулерді салыстырады; - Қазақстанның табиғат зоналарын сипаттайды; - жоспар бойынша Қазақстанның табиғат зоналарына қысқаша салыстырмалы сипаттама жасайды

Мұхиттарда тіршілік дүниесі	
Бағалау критерийлері	- мұхиттағы тіршілік дүниесінің топтарын анықтайды; - мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтайды
Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау	
Бағалау критерийлері	- өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады
«Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшесі. *Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы*	
Бағалау критерийлері	- географиялық қабықтың негізгі ерекшеліктерін анықтайды; - географиялық қабықтың құрамын түсіндіреді; - географиялық қабықтың құрылысын түсіндіреді; - географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіреді
Географиялық қабықтың заңдылықтары	
Бағалау критерийлері	- географиялық қабық заңдылықтарын анықтайды; - географиялық қабық заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіреді
4-бөлім. Әлеуметтік география. «Халық географиясы» бөлімшесі	
Халық санағы	
Бағалау критерийлері	- «халық санағы» ұғымын түсінеді; - халық санының анықтау әдістерін түсіндіреді
Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай	
Бағалау критерийлері	- елдердің демографиялық жағдайын талдап, көрсеткіштерін есептейді (халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам); - елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді
5-бөлім. Экономикалық география. «Табиғи ресурстар» бөлімшесі	
Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау	
Бағалау критерийлері	- «табиғи ресурстар» ұғымын түсіндіреді; - табиғи ресурстарды белгілеріне қарай топтастырады; - табиғи ресурстарды экономикалық тұрғыдан бағалайды; - табиғи ресурстарды экологиялық тұрғыдан бағалайды; - табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың жолдарын ұсынады
Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық потенциалы	
Бағалау критерийлері	- жекелеген дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды
Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері	
Бағалау критерийлері	- жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін

	атайды (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)
«Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімшесі	
Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары	
Бағалау критерийлері	- экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)
«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесі. *Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші және өңдеуші және қызмет салалары*	
Бағалау критерийлері	- шаруашылық түрлерін жіктейді (өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы)
Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері	
Бағалау критерийлері	- ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)
Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары	
Бағалау критерийлері	- ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдайды (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)
Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау	
Бағалау критерийлері	- дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды
6-бөлім. Елтану және саяси география негіздері. «Дүние жүзі елдері» бөлімшесі	
Дүниежүзінің саяси картасы	
Бағалау критерийлері	- саяси картаның басты нысандарын сипаттайды; - саяси картадан елдерді және елдердің астаналарын көрсетеді; - елдерді және астаналарды кескін картаға түсіреді
Елдердің саяси типологиясы	
Бағалау критерийлері	- елдерді басқару формаларын біледі; - елдерді басқару формаларын түсіндіреді; - елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады
Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер	
Бағалау критерийлері	- саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдайды
Елдердің саяси-географиялық жағдайы	
Бағалау критерийлері	- «саяси-географиялық жағдайы» ұғымын түсінеді; - елдердің саяси-географиялық жағдайына баға береді
Саяси интеграция. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары	
Бағалау	- саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын

критерийлері	түсіндіреді; - Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдайды

37-кесте – 9-сынып білімалушыларының жетістіктерін бағалау критерийлерінің үлгілері

1-бөлім. Географиялық зерттеу әдістері. «Зерттеу және зерттеушілер» бөлімшесі	
Қазақстандық географтардың зерттеулері	
Бағалау критерийлері	- әр түрлі ақпарат көздерінен қазақстандық географтардың зерттеулері туралы деректер табады; - география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндайды
География ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемалары	
Бағалау критерийлері	- әр түрлі ақпарат көздерінен география ғылымының зерттеу нысандарын анықтайды; - география ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемаларын анықтайды
Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері	
Бағалау критерийлері	- географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды; - географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялаудың өзіндік жолдарын ұсынады
Қазақтың халықтық географиялық терминдері	
Бағалау критерийлері	- әр түрлі ақпарат көздерінен қазақ халқының халықтық географиялық терминдерін жинақтайды; - қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді; - қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің базасын құрастырады
Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары	
Бағалау критерийлері	- зерттеу нәтижелерін жинақтайды; - зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады
2-бөлім. Картография және географиялық деректер базасы. «Географиялық карталар» бөлімшесі	
Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері	
Бағалау критерийлері	- маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды
Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері	
Бағалау критерийлері	- тақырыпқа байланысты географиялық номенклатура нысандарын топтастырады; - географиялық номенклатура нысандарын картадан

	көрсетеді
«Географиялық деректер базасы» бөлімшесі. *Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері*	
Бағалау критерийлері	- Жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді
Геоақпараттық жүйелер технологияларын қолдану аясы	
Бағалау критерийлері	- шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпарат технологияларын қолдану маңыздылығын сипаттайды
3-бөлім. Физикалық география. «Литосфера» бөлімшесі	
Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын сипаттайды; - Қазақстанның жер бедерінің тектоникалық құрылымын анықтайды; - Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтау (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде) барысында түрлі ақпарат көздерін қолданады
Қазақстанның басты орографиялық нысандары	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның басты орографиялық нысандарын анықтайды; - Қазақстанның басты орографиялық нысандарын сипаттайды
Қазақ оронимдері	
Бағалау критерийлері	- «оронимдер» ұғымын түсінеді; - қазақ оронимдерін жіктейді; - қазақ оронимдерінің мағынасын түсіндіреді; - қазақ оронимдерінің транслитерациясын үш тілде ұсынады
Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары	
Бағалау критерийлері	- «минералды ресурстар» ұғымын түсінеді; - Қазақстанның минералды ресурстарын біледі; - Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтарын анықтайды
Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның минералды ресурстарын өндірудің басты орталықтарын картадан көрсетеді, сипаттайды; - Қазақстанның минералды ресурстарын өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетеді; - Қазақстанның минералды ресурстарын өндірудің және өңдеудің басты орталықтарын сипаттайды
Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның минералды ресурстарына баға береді; - Қазақстанның минералды ресурстарына баға берудің

	өзіндік нұсқасын ұсынады
Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	
Бағалау критерийлері	- минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды анықтайды; - минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды топтастырады; - минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды шешу жолдарын ұсынады
«Атмосфера» бөлімшесі. *Қазақстанның климатын түзуші факторлар*	
Бағалау критерийлері	- «климат түзуші факторлар» ұғымын түсіндіреді; - Қазақстан климатын түзуші факторларды біледі; - атмосфераның жергілікті, маусымдық циркуляциясының себептері мен ерекшеліктерін анықтайды; - Қазақстан климатын түзуші факторларды талдайды
Қазақстанның климаттық жағдайы	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанда ауа температурасының уақытқа және кеңістікте байланысты өзгеруін талдайды; - талдау нәтижесін ұсынады; - Қазақстанның климаттық жағдайын талдайды
Қазақстанның климаттық ресурстары	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның климаттық ресурстарын анықтайды; - Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалайды
Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетеді; - атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардан сақтану шараларын ұсынады; - экстремалды климаттық құбылыстарға байланысты болатын төтенше жағдайларда адам өмірін сақтау ережелерін біледі
Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері	
Бағалау критерийлері	- қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)
«Гидросфера» бөлімшесі. *Қазақстанның ішкі суларының түрлері*	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның ішкі суларының табиғи және жасанды түрлерін анықтайды және мысалдар келтіреді; - Қазақстанның ішкі суларын топтастырады - Қазақстанның ішкі суларының көрсеткіштерін талдайды және сипаттайды (өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары)
Қазақ гидронимдері	

Бағалау критерийлері	- «гидронимдер» ұғымының мағынасын түсіндіреді; - қазақ гидронимдерін жіктейді; - қазақ гидронимдерін жіктеудің өзіндік нұсқасын ұсынады; - қазақ гидронимдерін транслитерациясын үш тілде ұсынады
Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға береді; - туған өлкесінің су ресурстарын анықтап, экономикалық баға береді
Су ресурстарының экологиялық проблемалары	
Бағалау критерийлері	- су ресурстарының экологиялық проблемаларын анықтайды; - су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдайды; - су ресурстарының экологиялық проблемаларын шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде)
Қазақстанның ішкі суларының геосаяси проблемалары	
Бағалау критерийлері	- Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын анықтайды; - Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктейді; - шешу жолдарын ұсынады (трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі)
«Биосфера» бөлімшесі. *Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері*	
Бағалау критерийлері	- «табиғат кешені» ұғымын түсінеді; - «географиялық белдеулер» және «табиғат зоналары» ұғымдарын түсіндіреді; - Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды; - Жер шарының бір табиғат зонасына презентация жасайды; - өз өлкесінің табиғат зонасын сипаттайды (шығармашылық жұмыс)
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері	
Бағалау критерийлері	- «ерекше қорғалатын аумақтар» ұғымын түсіндіреді; - «Қазақстанның ерекше қорғалатын аумақтары» кестесін құрастырады; - ерекше қорғалатын аумақтардың (қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар) құрылу мақсатын түсіндіреді
Қазақстанның табиғи мұрасы	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның табиғи мұрасын анықтайды; - Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді
Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы	
Бағалау	- тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін

критерийлері	анықтайды; - тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін жіктейді; - табиғи хоронимдердің мағынасын түсіндіреді; - табиғи хоронимдердің транслитерациясын үш тілде ұсынады
Ноосфераның қалыптасуы	
Бағалау критерийлері	- «ноосфера» ұғымының мағынасын түсінеді; - ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттейді
Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан үлесін анықтайды; - Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалайды
«Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшесі. *Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары*	
Бағалау критерийлері	- «табиғи-аумақтық кешен» ұғымын түсіндіреді; - аудандастырудың ерекшеліктерін, қалыптасу жағдайларын анықтайды; - Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттайды (географиялық орны, климатының, топырағының, өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің ерекшеліктері және адамның пайдалануы); - ірі табиғи кешендерді сипаттаудың өзіндік жоспарын ұсынады; - Қазақстанның табиғат зоналарына қысқаша салыстырмалы сипаттама жасайды
Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы)	
Бағалау критерийлері	- Қазақстанның физикалық-географиялық аудандарының атауларын анықтайды; - ірі физикалық-географиялық аудандардың географиялық орындарын анықтайды; - ірі аудандар шегіндегі табиғат компоненттерінің өзара байланысының ерекшеліктерін анықтайды; - бір физикалық-географиялық ауданға презентация жасайды; - қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсынады
Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар	
Бағалау критерийлері	- туған өлкенің табиғат кешеніне әсер ететін антропогендік факторларды анықтайды - антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттейді (жергілікті компонент негізінде)

Антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдары	
Бағалау критерийлері	- «рекультивация», «мелиорация», «ландшафттық дизайн» ұғымдарының мағынасын ашады; - антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын (рекультивация, мелиорация ландшафттық дизайн) ұсынады
4-бөлім. Әлеуметтік география. «Халық географиясы» бөлімшесі	
Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы	
Бағалау критерийлері	- Қазақстан халқының ұлттық құрамын анықтайды; - Қазақстан халқының діни құрамын анықтайды; - «Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы» кестесін, диаграммасын құрастырады
Дүниежүзі халқының миграциясы	
Бағалау критерийлері	- «миграция» ұғымының мағынасын түсінеді; - дүниежүзі халқы көші-қонының басты бағыттарын біледі; - дүниежүзі халқы көші-қонының себеп-салдарын түсіндіреді
Қазақстандағы халықтың миграциясы	
Бағалау критерийлері	- Қазақстандағы көші-қон үдерістерін талдайды; - Қазақстандағы көші-қонның басты бағыттарын анықтайды; - Қазақстандағы көші-қонының себеп-салдарын түсіндіреді
Миграциялық саясат	
Бағалау критерийлері	- көші-қон саясатының басты себептерін анықтайды; - көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсынады
Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы	
Бағалау критерийлері	- «еңбек ресурстары» ұғымының мағынасын түсіндіреді; - еңбек ресурстарының сандық құрамына баға береді; - еңбек ресурстарының сапалық құрамына баға береді (қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде
Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты	
Бағалау критерийлері	- «халық саны», «табиғи өсімі», «ұдайы өсімі» ұғымдарын түсінеді; - Қазақстан халықының саны, табиғи өсімі және ұдайы өсуі туралы біледі; - Қазақстанның еңбек ресурстарын, әлеуметтік және мамандық құрамын анықтайды; - Қазақстанның демографиялық жағдайын талдайды; - демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
Елді мекендердің жіктелуі	
Бағалау критерийлері	- «елді мекендер», «қала халқы», «урбандалу» ұғымдарын түсіндіреді; - Қазақстандағы елді мекендерді жіктейді; - Қазақстандағы елді мекендерді сипаттайды

Елді мекендердің функционалды зоналары	
Бағалау критерийлері	- елді мекендердің түрлерін анықтайды және сипаттайды; - елді мекендердің функционалды зоналарын сипаттайды
Қазақстандағы ойконимдер	
Бағалау критерийлері	- «ойконим» ұғымының мағынасын түсінеді; - Қазақстандағы ойконимдерді жіктейді; - Қазақстандағы ойконимдерді мағынасын түсіндіреді; - Қазақстандағы ойконимдердің транскрипциясын үш тілде ұсынады
Қазақстанда елді мекендердің проблемалары	
Бағалау критерийлері	- түрлі ақпарат деректерінің көмегімен Қазақстанның елді мекендерінің проблемаларын анықтайды; - Қазақстанның елді мекендерінің проблемаларын жіктейді; - елді мекендердің проблемаларын шешу жолдарын ұсынады
Урбандалу үдерісі	
